

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ
ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ

МЕДІҒАТОВ МАҚСАТ МЕДІҒАТУЛЫ

«Жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу фактілері бойынша сотқа дейінгі
өндірісті бастауды ұйымдастыру: құқықты қолдану практикасының
проблемалары»

7М12301 «Құқық қорғау қызметі» (бейіндік бағыт) білім беру бағдарламасы
бойынша ұлттық қауіпсіздік және әскери іс магистрі дәрежесін алуға арналған
магистрлік жоба

Ғылыми жетекші:

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру
институты Арнайы заң пәндері
кафедрасының аға оқытушысы,
М.Е. Тулеуова
заң ғылымдарының магистрі,
әділет кеңесшісі

Қосшы қ., 2023

ТҮЙІНДЕМЕ

Жобалық жұмыс кіріспеден, екі бөлімнен, төрт бөлімшеден, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Зерттеу барысында отандық және шетелдік әдебиет талданды, Қазақстан Республикасында жер қойнауын қорғау және пайдалану ережелерін бұзуға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексерулерді бастап ұйымдастырудың өзекті проблемалары, сот-тергеу практикасы зерделенді.

Автормен жер қойнауын қорғау және пайдалану ережелерін бұзуға қатысты сот-тергеу практикасын қалыптастыру үшін қазіргі қолданыстағы заңнамалармен сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаудың алгоритмін және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстар әзірленді.

РЕЗЮМЕ

Проектная работа состоит из введения, двух разделов, четырех подразделов, заключения, списка использованной литературы.

В ходе исследования проанализирована отечественная и зарубежная литература, изучены актуальные проблемы организации досудебных расследований, судебно-следственной практики в отношении нарушений правил охраны и использования недр в Республике Казахстан.

Для формирования судебно-следственной практики в отношении нарушений правил охраны и использования недр автором разработан алгоритм начала досудебного расследования согласно действующему законодательству и предложения по внесению изменений и дополнений в нормативные правовые акты Республики Казахстан.

SUMMARY

The project work consists of an introduction, two sections, four subsections, a conclusion, and a list of references.

In the course of the study, the domestic and foreign literature was analyzed, the actual problems of the organization of pre-trial investigations, judicial and investigative practice regarding violations of the rules of protection and use of mineral resources in the Republic of Kazakhstan were studied.

To form a judicial and investigative practice in relation to violations of the rules of protection and use of mineral resources, the author has developed an algorithm for starting a pre-trial investigation in accordance with the current legislation and proposals for amendments and additions to regulatory legal acts of the Republic of Kazakhstan.

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
КІРІСПЕ.....	5
1. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ.....	14
1.1 Жер қойнауын пайдалануды кешенді және ұтымды құқықтық реттеуді қамтамасыз ету	14
1.2 Жер қойнауын заңсыз пайдалану үшін қылмыстық жауаптылық	25
2. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІН БҰЗУҒА ҚАТЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	33
2.1 Жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу фактілері бойынша сотқа дейінгі өндірісті бастауды ұйымдастыру тәжірибесі мен сот-тергеу практикасы	33
2.2 Жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу салдарынан келтірілген экологиялық залалды анықтаудың ұйымдастырушылық және құқықтық механизмі	48
ҚОРЫТЫНДЫ.....	59
ҚОЛДАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗБЕСІ.....	62
ҚОСЫМША.....	67
1. Қызметтік хат және хатқа жауап.....	67
2. Ведомствоаралық жиналыс хаттамасы.....	69
3. Енгізу актісі.....	71

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

- ҚР – Қазақстан Республикасы
- ҚК – Қылмыстық кодекc
- ШҚО – Шығыс Қазақстан облысы
- ҚПК – Қылмыстық процестік кодекc
- ЭК – Экологиялық кодекc
- ҚСЖАЕК – Құқықтық статистика және арнайы есеп жөніндегі Комитет
- ӘҚБтК – Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекc
- ЭД – Экология Департаменті
- РФ – Ресей Федерациясы
- АЕК – ақпаратты есепке алу кітабі
- МЭС – мемлекеттік экологиялық сараптама
- Әдістеме – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2021 жылғы 20 тамыздағы № 457 және ҚР Энергетика министрінің 2021 жылғы 23 тамыздағы № 274 бірлескен бұйрығымен бекітілген «Жер қойнауы ресурстары залалын экономикалық бағалау әдістемесі»
- Ереже – ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 27 маусымдағы N 535 Қаулысымен бекітілген «Қоршаған ортаны ластаудан келтірілген залалды экономикалық бағалау ережесі» (ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 21 шілдедегі № 512 қаулысымен күші жойылған)
- Жер қойнауы
- Кодексі – ҚР-ның «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексі

КІРІСПЕ

Жүргізілетін зерттеудің өзектілігі. ҚР Конституциясының 6 бабының 3 бөлігіне сәйкес жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады[1].

Халық атынан жер қойнауына меншік құқығын мемлекет жүзеге асыруы үшін, сондай-ақ, меншік құқығын жүзеге асыру барысында заң бұзушылықтарға жол бермес үшін және халыққа тиесілі жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстарға залалдар келтірілмеуі үшін мемлекетпен арнайы нормативтік құқықтық актілер қабылданған. Олар: ҚР «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексі, ҚР Жер кодексі, ҚР Су кодексі, ҚР Экология кодексі, ҚР «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңы, ҚР «Өсімдіктерді қорғау туралы» Заңы, т.б.

Аталған нормативтік құқықтық актілерде халыққа тиесілі жер қойнауын пайдалану барысында халыққа тиесілі жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстарға залалдар келтірілмес үшін немесе келтірілген жағдайда оларды қалпына келтіру туралы шектеу ережелері бар.

Бұл ережелерді жер қойнауын пайдаланушылар сақтамаған жағдайда ҚР ҚК-нің «Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар» деп аталатын 13 тарауында қылмыстық жауапкершіліктер көзделген. Олар: ҚР ҚК-нің 324-бабы «Шаруашылық немесе өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзу», 325-бабы «Экологиялық тұрғыдан әлеуетті қауіпті химиялық немесе биологиялық заттармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптарды бұзу», 328-бабы «Суларды ластау, қоқыстау немесе сарқу», 332-бабы «Жерді бүлдіру», 333-бабы «Жер қойнауын қорғау және пайдалану қағидаларын бұзу», 334-бабы «Жер қойнауын өз бетінше пайдалану».

Шешілетін ғылыми проблеманың немесе практикалық міндеттің қазіргі уақыттағы жағдайын бағалау. Қазіргі уақытта ҚР-да жаппай жер қойнауын пайдалану жұмыстары белең алуда. Мысалы, 2019 жылғы жағдай бойынша ШҚО Күршім ауданы бойынша кен іздеушілікке 20 шақты лицензия алынған болса, бүгінгі күні олардың саны 60-тан асады[2]. Жер қойнауын пайдаланушылар тарапынан жер қойнауын қорғау және пайдалану қағидаларын бұзу фактілері көбеюде[3,4,5,6,7,8,9]. Сондай-ақ, заңсыз жер қойнауы өз бетінше, заңсыз пайдаланушылар да көбеюде.

Оған дәлел ретінде әлеуметтік желілерде жер қойнауын өз бетінше пайдаланушылармен елдің жайылымдық және егістік жерлерін бүлдіру туралы публикациялар, бұқаралық ақпарат құралдарында археолог мамандардың ел аузында «черные копатели» деп аталып кеткен жер қойнауын өз бетінше пайдаланушыларға наразылығы туралы мақалалардың шығуы, т.с.с. [3,4,5,6,7,8,9].

Алайда, тәжірибе көрсеткендей, құқық қорғау органдарына ҚР ҚК-нің 333 (*жер қойнауын қорғау және пайдалану қағидаларын бұзу*), 334 (*жер қойнауын өз бетінше пайдалану*) баптарымен сотқа дейінгі тергеп-тексеру өндірісін бастауға бірқатар қиындықтар бар. Сол себепті, ҚР ҚК-і қолданысқа енгізілгеннен бастап осы санаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша нақты сот-тергеу практикасы мүлдем жоқ деуге болады.

Ең басты қиындықтардың бірі – ол осы санаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша қоршаған ортаға келтірілген экологиялық залалды анықтаудың мүмкін еместігі болып табылады. Егер де жер қойнауын қорғау және пайдалану қағидаларын бұзу мен жер қойнауын өз бетінше пайдалану әрекеттерінің салдарынан қоршаған ортаға келтірілген экологиялық залал анықталмаса, онда ҚР ҚК-нің 333 және 334 баптарымен сотқа дейінгі тергеп-тексеру өндірісін бастау мүмкін емес. Себебі, аталған баптардың диспозициясына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы тек жер

қойнауын пайдалану қағидаларын бұзу салдарынан ірі мөлшерде залал келтірілген жағдайда ғана орын алады.

ҚР ҚПК-нің 179 бабының 1 бөлігіне сәйкес залал туралы мәліметтері жоқ қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз, хабар немесе баянат тіркелуге жатпайды.

Аталған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша келтірілген залалды анықтау үшін әр факті бойынша мемлекеттен қыруар қаражатты талап етеді. Себебі, ондай залалдарды анықтайтын мамандары бар мемлекеттік мекемелер жоқ. Сәйкесінше, осындай залалдарды анықтау үшін жеке меншік мекемелеріндегі мамандарға жүгіну қажеттілігі туындайды.

Сонымен қатар, осы қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша келтірілген залалдың мағынасы нормативтік құқықтық актілерде нақты айқындалмаған. Мысалы:

ҚК-тің 3-бабының 38 тармағына сәйкес ірі залал және ірі мөлшер – ҚК-тің 324, 325, 326, 328, 329, 330, 332, 333, 334, 335, 337, 338, 339, 340, 341 және 343-баптарда – экологиялық залалды жою немесе табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі құндық мәні деп көрсетілсе, ҚР-ның ЭК-нің 131-бабының 4 бөлігіне сәйкес мемлекет меншігіндегі табиғи ресурстарға (*топырақты қоса алғанда жер, су, орман ресурстарына, жер қойнауы ресурстарына, өсімдіктер әлемі мен жануарлар дүниесі ресурстарына*), оның ішінде оларды заңсыз пайдалану, алып қою, бүлдіру немесе жою арқылы келтірілген залал экологиялық залал ұғымына жатпайтын мүліктік залал болып табылады және ҚР-ның табиғи ресурстардың тиісті түрлері туралы заңнамасына, сондай-ақ ҚР азаматтық заңнамасына сәйкес өтелуге жатады деп көрсетілген.

Бұл дегеніміз, егер ҚК-тің 333 пен 334 баптарында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасау салдарынан топыраққа, жерге, су, орман ресурстарына, жер қойнауы ресурстарына келтірілген залал ЭК-ке сәйкес

экологиялық залал ұғымына жатпайтын мүлдікті залал болып есептелетін болса, онда аталған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша ҚК-тің 3 бабының 38 бабына сәйкес ірі мөлшердегі залалды анықтау мүмкін емес.

Келесі негізгі қиындықтардың бірі - республика көлемінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі мемлекеттік мекеменің жергілікті жерлерде бақылаушы функциясы бар құрылымдық бөлімшелерінің жоқтығы. Бүгінгі күні бақылаушы функциясы бар жер қойнауын пайдалану бойынша уәкілетті орган (*ҚР-ның Индустрия және инфрақұрылымдық даму Министрлігінің Жер қойнауын пайдалану жөніндегі Департаменті*) тек Астана қаласында ғана бар. Индустрия және инфрақұрылымдық даму Министрлігінің ҚР-ның әр облыстарында бақылаушы функциялары бар құрылымдық бөлімшелері жоқ, тек осы Министрліктің ішінде Астана қаласында бүкіл ҚР-на жұмыс жасап отырған жер қойнауы мәселесі бойынша уәкілетті орган болып табылатын Жер қойнауын пайдалану жөніндегі Департаменті бар.

Бұл Департаменттің жергілікті жерлерде құрылымдық бөлімшелерінің болмауы жергілікті жерлерде ҚК-тің 333-бабында көзделген қылмыстарды анықтап, олар бойынша сотқа дейінгі тергеп тексеруді бастауға кедергі келтіреді.

Себебі, ҚК-тің 333-бабымен кез келген жер қойнауын пайдаланушыны қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін, ең алдымен, жер қойнауын пайдаланушының әрекетінде осы баптың диспозициясына сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жобалау және жүргізу кезінде жер қойнауын қорғау және пайдалану қағидаларын бұзу белгілері болуы тиіс. Ал ол белгілерді арнайы уәкілетті органның мамандарының тексеру қорытындыларына қарамастан жергілікті жерлердегі полиция қызметкерлерінің анықтауы мүмкін емес жағдай. Шалғай жерлерде жер қойнауын пайдаланушылар тарапынан орын алып жатқан заң бұзушылықтарды анықтау үшін Астана қаласынан келіп тексерулер жүргізу екі талай, оның үстіне олардың тексеруге шығуының өзі біршама уақытты қажет етеді, тексеруші келгенше жер қойнауын пайдаланушылар да жасаған қылмысының ізін жасырып та үлгереді.

ҚР-ның Бас прокуратурасының жанындағы ҚСЖАЕК-тің есебіне сәйкес соңғы екі жылда (2021-2022ж.ж.) Республика бойынша ҚК-тің 333-бабымен бірде бір сотқа дейінгі тергеп-тексеру өндірістері басталмаған. 2021 жылы ҚК-тің 334-бабымен қылмыстық ізге түсу органдары бар болғаны 59 сотқа дейінгі тергеп тексеру өндірістерін бастаса, 2022 жылы тек 42 сотқа дейінгі өндіріс басталған. Олардың ішінде 2021 жылы 59 қылмыстық істердің ішінде бар-жоғы 4 қылмыстық іс, 2022 жылы 42 қылмыстық істердің ішінде бар-жоғы 7 қылмыстық іс ақталмайтын негіздермен тоқтатылған. Сондай-ақ, 2021 жылы өндірісте болған қылмыстық істердің 77-і ақтау негіздерімен тоқтатылса, 2022 жылы өндірісте болған істердің 50-і ақтау негіздерімен тоқтатылған[10], яғни қылмыстық құқық бұзушылық есебінен шығарылған. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру практикасы көрсетіп отырғандай, ҚК-тің 334-бабымен басталған сотқа дейінгі өндірістердің басым көпшілігі жоғарыда көрсетілген қиындықтарға байланысты ақтау негіздерімен тоқтатылған. Ал сотпен айыптау үкімдері мүлде шығарылмаған.

Жоғарыда көрсетілген және тағы басқа да қиындықтар оңтайландырылмайынша қоғамда жер қойнауын қорғау және пайдалану қағидаларын бұзу және жер қойнауын өз бетінше пайдалану қылмыстық құқық бұзушылықтарға тиісті алдын алу (профилактика) жұмыстары нәтижесіз бола бермек. Жер қойнауын пайдаланушылар өздерінің қылмыстық жауапкершілікке тартылмайтындықтарын сезініп, қылмыстық іс – әрекеттерін жалғастыруда. Нәтижесінде жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттері латенттік қылмыстық құқық бұзушылықтарға айналууда.

Жоғарыда айтылған қиындықтарға байланысты зерттеу тақырыбы өте өзекті әрі оның өз шешімін табуы осы саладағы құқықтық қатынастар үшін маңызды болып табылады.

Зерттеу мақсаты, міндеттері, объектісі мен тақырыбы.

Зерттеу мақсаты: Жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу фактілері бойынша сотқа дейінгі өндірісті бастауды ұйымдастыру барысында кездесетін

проблемаларды шешу жолдарын қарастыру, соған сәйкес құқықтық актілерге өзгерістер енгізу.

Зерттеу міндеттері:

- жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу фактілері бойынша сотқа дейінгі өндірісті бастауды ұйымдастыру тәжірибесі мен сот-тергеу практикасын зерделеу;

- жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу фактілері бойынша сотқа дейінгі өндірісті бастауды ұйымдастыру проблемаларын айқындау;

- жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу салдарынан келтірілген экологиялық залалды анықтаудың ұйымдастырушылық және құқықтық механизмін зерттеу және оларды жетілдіру ұсыныстарын әзірлеу;

- жер қойнауын пайдаланушылармен жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу фактілерінің анықталу механизмін зерттеу, теориялық және практикалық анықтау-бекіту әдістерін зерттеу, проблемаларын анықтау және оңтайлы шешу жолдарын ұсыну.

Зерттеу объектісі: Жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу фактілері бойынша сотқа дейінгі өндірісті бастауды ұйымдастыру барысындағы құқықтық қатынастар болып табылады.

Зерттеу тақырыбы: Жер қойнауын пайдалану мен қорғауға қатысты ҚР-ның қолданыстағы заңнамалары, атап айтқанда, қылмыстық, экологиялық және жер қойнауын пайдалану заңдары, сондай-ақ, аталған заңдардың жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу фактілерін анықтауда, алдын алуда практикадағы қолданысы.

Зерттеуді жүргізудің әдістері мен әдіснамалық негіздерін жалпы ғылыми диалектикалық әдісті, негіз жалпы ғылыми диалектикалық әдісті, сондай-ақ объективті шындықты танудың жеке арнайы ғылыми әдістерін қоса алғанда, жалпы және жеке әдістердің жиынтығы құрайды.

Ғылыми жаңалықтың негіздемесі жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу фактілері бойынша сотқа дейінгі тергеп тексеру өндірісін бастауды

ұйымдастырудың тиімді жүйесін құру арқылы қылмыстық процесс теориясын дамытуға мүмкіндік беретін жаңа пайдалы білім алумен негізделген.

Жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу фактілері бойынша сотқа дейінгі тергеп тексеру өндірісін бастауды ұйымдастыру мәселелерін зерттеу кезінде автор Ж.С. Елюбаев, А.В. Армапшева, И.Ф. Панфилов, Б.Д. Клюкин, А.К. Халеева, М.С. Дикаева, Н.А. Селяков және басқалар сияқты ғалымдардың ұстанымдарын талдауға жүгінді, сондай-ақ ҚР Конституциясы, ҚР ҚК-і, ҚР ҚПК-і, ҚР ЭК-і, ҚР ӘҚБтК-і және т.б. құқықтық актілер, осы санаттағы сотқа дейінгі тергеп тексеру өндірістер мен сот үкімдері зерделенді.

Қорғауға шығарылатын практикалық ұсынымдар.

1. ҚР ЭК-не өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы кінәлі тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін экологиялық залалдардың ақшаға шаққандағы мөлшерін анықтауды экология саласы бойынша уәкілетті органға міндеттеу керек және уәкілетті органдардың – ҚР Экология Министрлігінің міндеттеріне ҚР ҚК-нің 3-бабында көрсетілген ҚК-тің экологиялық қылмыстарға қатысты залал ұғымын толық қамтитын залалдарды есептеп шығарып беретін оңтайландырылған әдістемесін әзірлеп бекіту жүктелуі тиіс.

ҚР ЭК-нің 27-бабының 2-бөлігінің 1-тармағын 1-1 тармағымен төмендегідей редакцияда толықтырылуы қажет:

«1-1) ҚР ҚК-нің 13-ші тарауындағы экологиялық қылмыстармен келтірілген залал мөлшерін анықтау мақсатында құқыққа қарсы әрекетпен келтірілген экологиялық залалды жою үшін немесе құқыққа қарсы әрекетпен жойылған табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың құндық мәнін анықтау әдістемесін әзірлеу және бекіту;».

ҚР ЭК-нің 27-бабының 2-бөлігінің 6-тармағын 6-1 тармағымен төмендегідей редакцияда толықтырылуы қажет:

«6-1) ҚР ҚК-нің 13-ші тарауындағы экологиялық қылмыстармен келтірілген залал мөлшерін анықтау мақсатында құқыққа қарсы әрекетпен

келтірілген экологиялық залалды жою үшін немесе құқыққа қарсы әрекетпен жойылған табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың құндық мәнін анықтау;».

2. Нормативтік құқықтық актілерге ешқандай өзгерістер енгізбей немесе өзгерістер енгізілгенше сотқа дейінгі өндірістерді бастамас бұрын төмендегі тергеу алды тактикасын қолдануды ұсынамын.

ҚР ЭК-нің принциптерін ескере отырып, кез келген жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу фактілері бойынша міндетті түрде уәкілетті орган – ЭД-не кінәлі тұлғаға тиісті шара қолдану туралы хабарлама берілуі тиіс.

ЭД-і өзінің құзыреті шегінде ҚР ЭК-нің 136, 137, 139, 140 баптарына сәйкес кінәлі тұлғаға қоршаған ортаға келтірілген залалдарды қалпына келтіруді жүктейді және оның орындалысын бақылауға алады.

Кінәлі тұлға ол тапсырманы орындау үшін өз қаражаты есебінен арнайы мамандарға тапсырыс беру арқылы қоршаған ортаға келтірген экологиялық залалдарды жою және қалпына келтіру жобаларын әзірлеп, оларды МЭС-дан өткізеді.

МЭС-дан өткен жобаларға сәйкес қылмыстық ізге түсу органдары келтірілген экологиялық залалдарды жою және қалпына келтірудің құндық мәнін анықтайды. Анықталған залалдың құндық мәнінің мөлшеріне сәйкес сотқа дейінгі тергеуді бастау немесе бастамау туралы шешім қабылданады.

Апробация және нәтижелерін енгізу. Магистрлік жобаның нәтижелері Ө.С.Сейітовтің 100-жылдық мерейтойына арналған «Қазіргі заң ғылымының дамуы: теория және практика» VI Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында жарияланды.

ШҚО Күршім ауданы мәслихат сессиясына қазбаларды өндіру және одан туындайтын қоршаған ортаға келтірілген залалды анықтау және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін ұсыныстар енгізілді (қосымша-1).

Осы магистрлік жоба барысында дайындалған сотқа дейінгі өндірістерді бастамас бұрын мемлекеттік және құқыққорғау органдарының қолданылуы тиіс

тергеу алды тактикасы Күршім аудандық прокуратурасының ведомствоаралық жиналысында талқыланып, қарау арқылы практикаға енгізілді (қосымша-2).

Магистрлік жоба нәтижелері Күршім аудандық полиция бөлімінің қызметкерлерімен практикада қолданылып, практикаға енгізілген (қосымша-3).

1. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

1.1 Жер қойнауын пайдалануды кешенді және ұтымды құқықтық реттеуді қамтамасыз ету

Біздің мәдениетімізде ежелден жер мен табиғатты қастерлеу қалыптасқан. Таулар, өзендер, аспан біздің көшпелі ата-бабаларымыз үшін үй және баспана болған. Барлық тіршілік иелеріне ұқыпты қарау сәби кезінен бастап қалыптасқан. Қоршаған ортаға деген құрмет пен ғибадат тәрбиенің негізі болды.

Бүгінде осы мәдениетіміздің жалғасы заң нормаларында көрініс табуда. Қоршаған ортаны қорғау заңмен қорғалған.

Біздің мемлекет экологияға ерекше назар аударады және адам өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаны қорғау мақсатын қояды[1].

Қоршаған орта заңмен қорғалуы үшін қоршаған ортамен байланысты кез-келген қоғамдық, әлеуметтік, экономикалық және т.б. қатынастар құқықтық реттелуі тиіс.

Сол сияқты жер қойнауын пайдалану мәселесі қоршаған ортамен тығыз байланыста, жер қойнауын пайдалану еліміздің қоршаған ортасына залал келтірмеу керек немесе келтірілген залал қалпына келтірілуі тиіс.

Сол себепті осы жер қойнауын пайдалану құқықтық реттеуді талап етеді.

Жер қойнауын пайдалануды құқықтық реттеудің тағы бір негізі – ол жер қойнауының халықтың меншігінде болуы және оны пайдаланудағы мемлекетке, халыққа беретін пайдасы.

ҚР-ның Конституциясының 6-бабының 3-бөлігіне сәйкес жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады.

Жер қойнауын пайдалануда мемлекет халықтың атынан меншік құқығын жүзеге асыру үшін жер қойнауын пайдалану құқықтық реттелуді талап етеді.

Бүгінгі күні жер қойнауын пайдалану ҚР Жер қойнауы Кодексімен және осымен байланысты басқа да нормативтік құқықтық актілерімен (*Жер, Су, Экология Кодекстері*) реттелуде.

Ескеретін жағдай, ҚР-ның осы саладағы құқықтық реттеу жағдайын РФ-ның құқықтық реттеу жағдайымен салыстыратын болсақ, ҚР әлде қайда алға озып кеткен деуге болады.

РФ-ның көптеген заң теоретиктерінің бүгінгі күнгі пікірлеріне сәйкес жер қойнауын пайдалану саласы бойынша кодификацияланған нормативтік құқықтық актінің қажеттігі айтылуда. Мысалы:

РФ-ның "Ұлттық бизнес институты" АҚ мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты А.В.Армашова қылмыс құрамын анықтау үшін жер қойнауын қорғау және пайдалану ережелерін бұзушылықтарды тергеу кезінде жүгіну қажет нормативтік құқықтық актілердің шамадан тыс көп болуы жер қойнауын қорғау және пайдалану ережелерін бұзумен байланысты экологиялық қылмыстарға қарсы іс-қимыл және олардың алдын алу жөніндегі құқық қолдану қызметінде қиындықтар туғызатындығын көрсетуде[14].

А.В.Армашева бұл мәселенің шешімі ретінде РФ-ның Тау-кен кодексін қабылдау керектігін және бұл жер қойнауы мен жер қойнауын пайдалану туралы заңдардың жүйеленген және өзара байланысты жиынтығы түрінде тау-кен өндірісінде бірыңғай құқықтық өрісті құруға, жер қойнауының минералды-шикізат ресурстарын зерттеу, игеру мен пайдалану және оларды қорғау саласында мемлекеттік-жеке басқарудың ұтымды схемасын қалыптастыруға ықпал ететіндігін қарастырады[14].

И.Ф.Панфиловтың пікірінше, жер қойнауы туралы заңнамадағы проблемаларды жою үшін Ресей Федерациясының "Жер қойнауы туралы" Заңына үнемі түзетулер енгізудің орнына осы салада бірыңғай акт құру қажет[15].

Б.Д.Клюкин жер қойнауы туралы жаңа заңнамалық актіні қабылдау керек деп санайды: РФ-ның Жер қойнауы туралы Кодекс, Тау-кен кодексі немесе Тау-кен заңы – осы актілерге сәйкес РФ-ның субъектілері деңгейінде жаңа Тау-кен заңдары қабылданатын болады[16].

ҚР-ның заң теоретиктері де дәл осындай пікірде болған.

Себебі, 2010 жылға дейін ҚР-да жер қойнауын пайдалануға байланысты белгілі бір қатынастарды реттейтін көптеген ведомстволық актілер болған, олар әртүрлі ережелер, нұсқаулықтар, т.б. нысанында болған және олардың көпшілігі заңнамалық ережелерге қайшы болған. Жер қойнауын пайдалану саласындағы кейбір мәселелер ҚР-ның өзге де маңызды актілерімен реттелетін.

ҚР-да жер қойнауын пайдалану саласы алғашында ҚР Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы №2828 заң күші бар жарлығымен реттелген. Кейін жер қойнауын пайдалану және мұнай операцияларын жүргізу мәселелері бойынша ҚР-ның кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2004 жылғы 1 желтоқсандағы № 2-III ҚР-ның заңына сәйкес ҚР Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Жарлығы ҚР-ның заңы болып өзгертілген.

Сондай-ақ, осы уақыттарда жер қойнауы ресурстарының бірі болып табылатын «мұнай» мәселесі "Мұнай туралы" 1995 жылғы 28 маусымдағы ҚР-ның Заңымен *(2004 жылға дейін Президент Жарлығы болған)* реттелетін.

Кейін 2010 жылдың 24 маусымында «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР-ның жаңа заңы қабылдануына байланысты жоғарыда көрсетілген екі заң өз күштерін жойған. Бұл заңмен мұнай туралы заңда көзделген мәселелер толық осы жаңа заңмен қамтылған. Себебі, мұнай жер қойнауы ресурстарының бірі болып табылады.

Бүгінгі күні ҚР жер қойнауын пайдалану саласы бойынша бірыңғай кодификацияланған жер қойнауын пайдалану туралы заңдардың жүйеленген және өзара байланысты жиынтығы түрінде тау-кен өндірісінде бірыңғай

құқықтық өрісті құруға, жер қойнауының минералды-шикізат ресурстарын зерттеу, игеру мен пайдалану және оларды қорғау саласында мемлекеттік және жеке басқарудың ұтымды схемасын қалыптастыруға ықпал ететін 2017 жылдың соңында қабылданған Жер қойнауы Кодексі қолданыста.

Аталған Кодекс көп жылдық жинақталған тәжірибе мен құқық қолдану практикасын, сондай-ақ осы салада жұмыс істейтін мамандармен кеңінен талқылау нәтижелерін ескере отырып әзірленген. Бұл құжатта геологиялық барлаудың инвестициялық тартымдылығын арттыру, әкімшілік кедергілерді одан әрі төмендету бойынша мемлекет тарапынан нақты, маңызды шаралар көрініс тапқан.

Жер қойнауын пайдалану саласындағы қатынастарды реттейтін ҚР Жер қойнауы Кодексі деп аталатын заңнамалық акт ҚР заң шығару практикасында алғаш рет оның нормаларын жалпы және ерекше бөліктерге бөле отырып қабылданды. КСРО кезінде де, Қазақстанның жаңа тарихы кезеңінде де жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша мұндай құқықтық акт болған емес[17].

Жер қойнауы Кодексінің 1-бабының 1-бөлігіне сәйкес ҚР-ның жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасы ҚР-ның Конституциясына негізделеді және осы Кодекс пен ҚР-ның өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Бұл бап жер қойнауын пайдалану саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілер жүйесін айқындайды, олардың шеңбері Жер қойнауы кодекстің 2-бабында айқындалған.

Осы бапта көрсетілген "өзге де нормативтік құқықтық актілер" – ретінде Жер қойнауы кодексінде реттелмеген бөлігінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі қатынастарға қолданылатын нормативтік құқықтық актілер деп түсінілуі тиіс (*мысалы, ҚР-ның Азаматтық Кодексінің шығындар, айып төлеу түрлері туралы нормалары, ҚР-ның Салық Кодексінің роялти және басқа да міндетті төлемдер мөлшері жөніндегі нормалары, ҚР-ның ЭК-нің экологиялық талаптарды сақтау мәселелері жөніндегі нормалары және т.б.*), сондай-ақ

иерархия бойынша заңдардан төмен тұрған, Жер қойнауы Кодексінің ережелерін дамыту үшін қабылданған және жер қойнауын пайдалану саласындағы құқықтық қатынастарды реттеу механизімін қамтитын нормативтік құқықтық актілер *(мысалы, үкіметтік және ведомстволық нормативтік құқықтық актілер)*.

Жер қойнауын пайдалану барысында адамдарға, олардың өмірі мен денсаулықтарына, қоршаған ортаға, жерге зиян келтірілмеуі тиіс. Рұқсат етілген норма көлемінде келтірілген залалдар жер қойнауын пайдаланушылармен қалпына келтірілуі тиіс. Сондықтан Кодекс жер қойнауын пайдалануды реттеуде Экологиялық, Жер, Су Кодекстерімен тығыз байланыста болып келеді.

Жер қойнауы туралы қолданыстағы заңнама ҚР Конституциясының жоғары заңдық күші және ел аумағында тікелей қолданылуы туралы конституциялық ережелерге негізделеді және жер қойнауы тек халыққа тиесілі және халық атынан меншік құқығын тек мемлекет жүзеге асырады.

Бұл ретте мемлекеттің халық атынан жер қойнауына меншік құқығын іске асыру процесі жер қойнауын зерттеуге және игеруге ғана емес, сонымен қатар жер қойнауын пайдаланумен байланысты басқару процесін ұйымдастыруға бағытталған әртүрлі элементтер мен кезеңдерді қамтиды. Мемлекеттің халық атынан жер қойнауына меншік құқығын жүзеге асыруы мемлекеттің минералдық-шикізат базасын молайтуға және ҚР азаматтарының қазіргі және болашақ ұрпақтарының мүддесі үшін жер қойнауын ұтымды пайдалануды, қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Жер қойнауы Кодексінің 2 бабына сәйкес Кодекс жер қойнауын пайдалану режимін, жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару мен реттеуді жүзеге асыру тәртібін, жер қойнауы учаскелеріне құқықтардың туындау, оларды жүзеге асыру және тоқтату, жер қойнауын пайдаланушылардың құқықтық жағдайы мен олардың тиісті операцияларды жүргізу ерекшеліктерін, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану және жер қойнауын пайдалану құқығына билік ету мәселелерін және жер қойнауы ресурстарын пайдалануға байланысты басқа да қатынастарды айқындайды. Жерді, су ресурстарын және басқа да табиғи

ресурстарды пайдалану тиісті табиғи ресурстарды пайдалану және қорғау режимін айқындайтын ҚР-ның жер, су және экологиялық заңнамасына сәйкес реттеледі.

Аталған норма Жер қойнауы Кодексінің қолданылу аясын айқындайды және осы нормативтік құқықтық актімен реттелетін жер қойнауын пайдалану саласындағы құқықтық қатынастардың тізбесін келтіреді. Бұл жерде "жер қойнауын пайдалану құқығы режимі" және "жер қойнауын пайдалану" терминдерінің мағынасы мен мазмұны жағынан бірдей емес екенін есте ұстаған жөн. "Жер қойнауын пайдалану" деп геологиялық зерттеу, пайдалы қазбаларды барлау, пайдалы қазбаларды өндіру, жер қойнауы кеңістігін пайдалану және кен іздеушілік жөніндегі белгілі бір субъектілердің қызметі түсініледі.

Жер қойнауын пайдалану құқығының режиміне: 1) жер қойнауын пайдаланудың лицензиялық режимі жатады. Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензия рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңнамаға сәйкес реттелетін рұқсаттардың қатарына жатпайды, ол мемлекеттік орган беретін және иесіне онда көрсетілген жер қойнауы учаскесінің шегінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу мақсатында жер қойнауы учаскесін пайдалану құқығын беретін құжат болып табылады (*Жер қойнауы Кодексінің 4 тарауы*). Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензия Жер қойнауы Кодексіне де сәйкес (*20-бап, 4-тараудың 1-параграфы*) жер қойнауын пайдалану құқығының пайда болуына негіз болып табылады[18].

2) жер қойнауын пайдаланудың келісімшарттық режимі (*жер қойнауы Кодексінің 4-тарауының 2-параграфы*). Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жария-құқықтық шарттардың элементтері бар азаматтық-құқықтық шарттардың бір түрі болып табылады (*мысалы, жер қойнауын пайдаланушы үшін салық заңнамасына сәйкес салық режимін белгілеу және т.б.*). Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты жасасу, орындау және тоқтату Жер қойнауы кодексінің нормаларымен реттеледі. Жер қойнауы Кодексінде

реттелмеген бөлігінде мұндай келісімшарттар азаматтық заңнама нормаларымен реттеледі[18].

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды лицензиясыз немесе келісімшартсыз жүзеге асыру заңнамада көзделген жауаптылыққа, атап айтқанда, қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғатын заңсыз қызмет болып табылады[12].

Жер қойнауын пайдалану режимі жер қойнауына меншік құқығының қатынастарын; жер қойнауын пайдалану құқығын беруге, өзгертуге және тоқтатуға байланысты қатынастарды; жер қойнауын пайдаланудың лицензиялық және келісімшарттық режимімен байланысты қатынастарды; жер қойнауын геологиялық зерттеуге байланысты қатынастарды; пайдалы қазбаларды барлауға және өндіруге байланысты қатынастарды; шаруашылық қызметтің басқа түрлері үшін жер қойнауы кеңістігін пайдалануға байланысты қатынастарды; құрылысқа байланысты қатынастарды; жер қойнауын қорғауға байланысты қатынастарды; жер қойнауын мемлекеттік басқаруға, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың қызметіне бақылау мен мониторингті жүзеге асыруға және т.б. байланысты қатынастарды реттейтін арнайы нормалардың болуын қарастырады[18].

Мемлекеттік басқару тиісті мемлекеттік органдар, заңды тұлғалар және жеке тұлғалар арасында белгілі бір игілікке (*бұл жағдайда жер қойнауына*) байланысты қалыптасатын қоғамдық қатынастар ретінде көрінеді. Жер қойнауын пайдалану саласындағы "мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру тәртібі" деп құзыретіне мемлекеттік меншік объектілері ретінде жер қойнауын басқару және жер қойнауын пайдаланушылардың қызметіне бақылауды жүзеге асыру жөніндегі мәселелер кіретін мемлекеттік органдар жүйесінің болуын түсінеміз[18]. Мұндай мемлекеттік органдардың жүйесі:

1) функцияларына ҚР-ның мүдделерін білдіру және жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру кіретін ҚР-ның Үкіметі айқындайтын құзыретті органнан;

2) пайдалы қатты қазбалар саласындағы, көмірсутектер саласындағы, уран өндіру саласындағы, жер қойнауын зерттеу саласындағы уәкілетті органдардан;

3) жер қойнауын пайдалану саласындағы жергілікті атқарушы билік органдарынан тұрады.

Жер қойнауын пайдалану саласындағы "мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру тәртібі" ретінде жер қойнауын пайдаланудың заңнамада белгіленген тәртібін сақтауға, жер қойнауын геологиялық зерттеудің толықтығын қамтамасыз етуге, пайдалы қазбалар қорларын тиімді және кешенді пайдалануға, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланумен байланысты жұмыстарды жүргізу кезінде жер қойнауының ластануын болғызбауға бағытталған мемлекеттік ұйымдастыру, ғылыми-техникалық, технологиялық, экономикалық, құқықтық және өзге де шаралар жүйесін түсінеміз.

Жер қойнауы кодексі жер қойнауын пайдалану түріне байланысты жер қойнауы учаскелеріне құқықтардың пайда болу, жүзеге асырылу және тоқтатылу ерекшеліктерін айқындайды [18]. Жер қойнауы кодексінің нақты нормалары жер қойнауын пайдалану құқығын беру, оны өзгерту және тоқтату тәртібі мен шарттарын көздейді (*мысалы, жер қойнауын геологиялық зерттеуге лицензия беру, аукцион негізінде көмірсутектерді өндіруге құқық беру және келісімшарт жасасу, тікелей келіссөздер негізінде ұлттық компанияға көмірсутектер мен уран өндіруге құқық беру, қатты пайдалы қазбаларды өндіруге құқық беру қазбалар, ізденіс құқығын беру*).

Жер қойнауын пайдалану құқығын беру фактісі жер қойнауын пайдаланушының құқықтық жағдайын және жер қойнауын пайдалану жөніндегі тиісті операциялардың түрлерін (*жер қойнауын геологиялық зерттеу, пайдалы қазбаларды барлау және өндіру, жер қойнауы кеңістігін пайдалану, іздестіру*) айқындайды.

Жер қойнауын пайдалану режимі жер қойнауын пайдаланушыға қойылатын өзге де талаптарды, атап айтқанда: жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тиімді, ұтымды және қауіпсіз жүргізу; міндетті

техникалық жобалау құжаттарын әзірлеу және бекіту; көмірсутектер бойынша жер қойнауы учаскелерін консервациялау; технологиялық объектілерді консервациялау немесе жою; өзге де міндетті іс-әрекеттер жасау жөніндегі талаптардың сақталуын алдын ала айқындайды[18, 13].

Жер қойнауы ресурстарын пайдалануға байланысты қатынастар жан-жақты, ауқымды болып келеді және субсидиарлық түрде жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнаманың нормаларымен ғана емес, сонымен қатар жер, экологиялық, су заңнамасының сабақтас салаларының нормаларымен, сондай-ақ минералдық шикізатты қайта өңдеуге, жер қойнауын пайдаланумен байланысты өнімдердің жекелеген түрлерін өндіруге байланысты қатынастарды реттейтін заңнамалармен реттелінеді[19].

Жер қойнауын пайдаланушының жер пайдалану жөніндегі қызметі жер заңнамасының нақты ережелерінен туындайды және ол жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізумен және жер қойнауын пайдаланушының өзге де шаруашылық қызметті жүзеге асыруымен тікелей байланысты болуға тиіс.

Алайда, егер жер учаскесі жер қойнауын пайдалануға рұқсатты, лицензияны немесе жер қойнауын пайдалануға келісімшарт жасасуды талап ететін қызметті жүзеге асыруға немесе іс-әрекеттер жасауға арналған болса, онда осы учаскіге жер пайдалану құқығын беру тиісті жер қойнауын пайдалануға рұқсатты, лицензияны алғаннан немесе жер қойнауын пайдалануға келісімшарт жасасқаннан кейін жүргізіледі. Бұл ретте жер учаскесі мен жер қойнауы учаскесінің шекаралары бірдей болмауы мүмкін, әдетте, жер қойнауын пайдаланушыға пайдалануға бөлінген жер учаскесінің ауданы жер қойнауы учаскесінің ауданынан үлкенірек болуы мүмкін.

Өндіру учаскесін және өндіру кезеңін не дайындық кезеңін немесе жер қойнауы учаскесін сенімгерлік басқару шартын бекітуді көздейтін қатты пайдалы қазбаларды өндіруге, жер қойнауы кеңістігін пайдалануға немесе кен іздеушілікке лицензияның болуы ҚР Жер кодексінде көзделген тәртіппен жер учаскесін дереу беру үшін негіз болып табылады[18].

Бұған дейін "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" ҚР Заңы жер қойнауын пайдалануға келісімшарт жасасу жер қойнауын пайдаланушы жүгінген күннен бастап отыз күн ішінде жергілікті атқарушы органдардың жер учаскесін дереу ресімдеуі үшін негіз болып табылатынын белгілеген болатын[20]. Бұл ретте үшінші тұлғалардың меншігіндегі немесе жер пайдалануындағы жер учаскелерін беру жер заңнамасының қағидалары бойынша жүзеге асырылды. Ресімделетін жер учаскесінің кеңістіктік шекаралары жер қойнауын пайдаланушы нақты пайдаланатын аумақпен шектелді. Бұдан басқа, аталған Заң жер қойнауын пайдалану құқығын беру жер заңнамасына сәйкес жер учаскесін қайта ресімдеудің, жер учаскесіне құқықтарды тіркеудің және онымен жасалатын мәмілелердің сөзсіз негіздемесі болып табылатындығын айқындады[20]. Бұл нұсқамалар императивті сипатта болды және жер қойнауын пайдаланушының жерді пайдалану құқығын алуына сөзсіз негіз болды. Қазіргі қолданыстағы Жер қойнауы Кодексінде мұндай ережелер жоқ. Алайда, ҚР Жер Кодексі жер қойнауын пайдаланушыға жер учаскесін беру мәселелерін реттейтін нормаларды қамтиды, олардың мәні мен мазмұны жоғарыда аталған ережелермен іс жүзінде бірдей.

Жерді пайдаланудың ерекше режимі ҚР Жер кодексінің басқа нормасымен де реттеледі[18] (*ҚР-ның Жер кодексінің 71-1 бабы*). Мысалы, пайдалы қазбаларды барлау немесе геологиялық зерттеу жөніндегі операцияларды жер қойнауын пайдаланушылар мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға берілмеген жерлерде жария сервитут негізінде мұндай жерлерді меншікке немесе жер пайдалануға алмай жүргізе алады. Жеке меншіктегі немесе жер пайдаланудағы жер учаскелерінде пайдалы қазбаларды барлау немесе геологиялық зерттеу жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар жеке меншік иелерінен немесе жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алып қоймай, мұндай учаскелерде жеке немесе жария сервитут негізінде қажетті жұмыстарды жүргізе алады.

Жер қойнауын пайдаланумен байланысты келесі бір маңызды, пайдалы қызмет түрі – су пайдалану болып табылады. Арнайы табиғат пайдаланудың кез келген түрі сияқты су пайдалану құқығын жер қойнауын пайдаланушыларға жергілікті атқарушы билік органдары су қорын пайдалану және қорғау мәселелері жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша береді.

Жер қойнауын пайдаланушылар су ресурстарын тек ауыз су және коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер үшін ғана емес, сондай-ақ басқа да арнаулы мақсаттар үшін, атап айтқанда, белгілі бір құрылыстар мен техникалық құрылыстарды қолдана отырып, өнеркәсіптік, коммуналдық-тұрмыстық, дренаждық және басқа да сарқынды суларды ағызу үшін пайдаланады: 1) ағынды суларды булану, сүзу өрістеріне бұруға және жер бедеріне арналған құрылыстар; 2) ағынды және басқа да суларды жер қойнауына ағызуға арналған су жинау құрылыстары (ұңғымалар, құдықтар, шахталар); 3) шахталардан, карьерлерден, штолендерден, разрездерден алуға арналған пайдаланылатын тау-кен қазбаларының су бұру құрылыстары; 4) өнеркәсіптік, коммуналдық-тұрмыстық, дренаждық және басқа да сарқынды суларды, технологиялық су ерітінділерін жерасты сулы горизонттарына және жер қойнауы учаскелерінің бос жерлеріне төгуге арналған сіңіргіш ұңғымалар; 5) қатты пайдалы қазбаларды өндіру кезінде көмірсутек шикізатын игеру және жерасты шаймалау кезінде қабаттық қысымды ұстап тұру үшін айдау ұңғымалары. Бұл ретте арнайы су пайдалану рұқсатының негізінде тек онда айқындалған мақсаттар үшін ғана жүзеге асырылады және басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбауға және қоршаған ортаға зиян келтірмеуге тиіс.

Жер қойнауын пайдалану саласына тән арнайы табиғат пайдаланудың бір түрі қоршаған ортаға эмиссиялар болып табылады, атап айтқанда: ластаушы заттардың шығарындылары, төгінділері, өндіріс және тұтыну қалдықтарын қоршаған ортаға орналастыру, күкіртті орналастыру және сақтау. Жер қойнауын пайдаланушылардың ешқайсысы іс жүзінде арнайы табиғат пайдаланудың көрсетілген түрлеріне рұқсат алмай, жер қойнауын пайдалану жөніндегі

операцияларды жүзеге асыра алмайды. Экологиялық заңнамаға сәйкес қоршаған ортаға эмиссияны жүзеге асыруға уәкілетті органнан тиісті экологиялық рұқсат алғаннан кейін ғана жол беріледі.

1.2 Жер қойнауын заңсыз пайдалану үшін қылмыстық жауаптылық

ҚР-ның нормативтік құқықтық актілерімен жер қойнауын пайдалану режимі, жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару мен реттеуді жүзеге асыру тәртібі, жер қойнауы учаскелеріне құқықтардың туындауы, оларды жүзеге асыру және тоқтату, жер қойнауын пайдаланушылардың құқықтық жағдайы мен олардың тиісті операцияларды жүргізу ерекшеліктері айқындалып, реттелген қатынастардың мүлтіксіз заң шеңберінде орындалысына тиісті қылмыстық жауапкершіліктер көзделуі тиіс.

ҚР-ның жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық Жер қойнауы Кодексінің 12 тарауында оның ішінде 79, 80 баптарда көрсетілген.

Жер қойнауы Кодексіне сәйкес ҚР-ның жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасын бұзушылық ҚР-ның заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді. Мұндай жауапкершілік ҚК-тің ережелерінен, оларда көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамы шеңберінде туындауы мүмкін. Қылмыстық жауаптылыққа тартылуы кінәлі тұлғаларды олармен жасалған бұзушылықтарды жою міндетінен босатпайды.

ҚР-ның жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасының талаптарын немесе жер қойнауына мемлекеттік меншік құқығын бұзу салдарынан жер қойнауы ресурстарына залал келтірген тұлғалар келтірілген залалды осы Кодексте және ҚР-ның өзге де заңдарында белгіленген мөлшерде және тәртіппен өтеуге міндетті.

ҚР-ның Конституциясына сәйкес жер қойнауы Қазақстан халқына тиесілі. Қазақстан халқының атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Бұл

ретте мемлекеттің меншік құқығын жүзеге асыруы Қазақстан халқының мүддесі үшін мемлекеттік меншік режимі арқылы іске асырылады[18] (*Жер қойнауы туралы кодекстің 11 бабы*).

Егер халық атынан жер қойнауына меншік құқығын мемлекет жүзеге асыратын болса, бұл процесс халық мүддесі үшін мемлекеттік меншік режимі арқылы іске асырылатын болса, онда заңмен меншік құқығы қорғалуы тиіс.

Сәйкесінше, жеке және заңды тұлғалардың жер қойнауына мемлекеттік меншік құқығын бұзатын іс-әрекеттері үшін ҚР-ның заңдарында көзделген жауаптылыққа тартылуы тиіс.

ҚР ҚК-нде арнайы жеке жер қойнауын жымқыру әрекеті үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылмаған, сондықтан жеке және заңды тұлғалардың жер қойнауына мемлекеттік меншік құқығын бұзатын іс-әрекеттері ҚР ҚК-нің 188 бабымен (*ұрлық, яғни бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру*) қарастырылуы тиіс.

Жалпы жер қойнауын заңсыз өз бетінше пайдалану әрекеті үшін, яғни жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзғаны үшін ҚР ҚК-нде арнайы баптарда, атап айтқанда: ҚР ҚК-нің 13-тарауының (*экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар*) 333, 334-баптарында қылмыстық жауаптылық қарастырылған.

ҚК-тің аталған баптарымен қылмыстық жауапкершілік жер қойнауын жымқырғаны үшін емес, жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзғаны үшін және соның салдарынан қоршаған ортаға залалдар келтіргені үшін көзделген.

ҚР ҚК-нің 333-бабының 1-бөліміне сәйкес қылмыстық жауаптылық жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жобалау және жүргізу кезінде жер қойнауын қорғау және пайдалану қағидаларын, сол сияқты жер қойнауын пайдаланудың барлық сатысында жалпы экологиялық талаптарды бұзған жағдайда орын алады. Және осы қағидалар мен экологиялық талаптарды бұзу салдарынан ірі мөлшердегі экологиялық залал келтірілген жағдайда ғана немесе келтірілуі мүмкін болған жағдайда немесе адамның денсаулығына зиян келтірілген жағдайда ғана орын алынуы тиіс.

Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі ретінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жобалау және жүргізумен айналысатын жер қойнауын пайдаланушылар болып табылады[21].

Яғни, ҚР ҚК-нің 333 бабымен қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін, біріншіден, Жер қойнауы кодексінің 22 бабында көзделген жер қойнауын пайдалану операциялары: 1) жер қойнауын геологиялық зерттеу; 2) пайдалы қазбаларды барлау; 3) пайдалы қазбаларды өндіру; 4) жер қойнауы кеңістігін пайдалану; 5) кен іздеушілік жұмыстарын жобалау немесе жүргізу кезінде жер қойнауын қорғау және пайдалану қағидаларының бұзылу фактісі болуы тиіс. Сондай-ақ, жер қойнауын пайдаланудың барлық сатысында жалпы ҚР ЭК-нің 32 бабында көзделген экологиялық талаптардың бұзылу жағдайлары орын алуы тиіс.

Екіншіден, іс әрекеттердің салдарынан ірі мөлшердегі залал келтірілуі тиіс немесе адамның денсаулығына зиян келтірілуі тиіс. Бұл жерде ірі мөлшер деп ҚР ҚК 3 бабының 38 тармағына сәйкес экологиялық залалды жою немесе табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың 1000 айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі құндық мәнін айтамыз. ҚР ҚК 3 бабының 11, 12, 13-баптарына сәйкес адам денсаулығына жеңіл, орташа және ауыр дәрежедегі зияндар келтірілуі мүмкін.

ҚР ҚК 333-бабының 2-бөлігімен жауаптылық осы баптың 1 бөлігінде көзделген қылмыстық құқықбұзушылықтан айырмашылығы аса ірі экологиялық залал келтіруге не адам өліміне не адамдардың жаппай сырқаттануына әкеп соққан іс-әрекетте болып табылады.

Яғни, қылмыс субъектісі – жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жобалау және жүргізу кезінде жер қойнауын қорғау және пайдалану қағидаларын, сол сияқты жер қойнауын пайдаланудың барлық сатысында жалпы экологиялық талаптарды бұзу әрекеті аса ірі экологиялық залал келтіруге не адам өліміне не адамдардың жаппай сырқаттануына әкеп соғуы тиіс[21].

ҚР ҚК 334-бабының 1-бөліміне сәйкес қылмыстық жауаптылық егер жер қойнауын өз бетінше пайдаланған жағдайда, сол сияқты пайдалы қазбаларды өз бетінше өндірген жағдайда орын алады. Және 06.03.2023 жылға дейін осы әрекеттер салдарынан ірі мөлшердегі залал келтірілген жағдайда ғана орын алынуы тиіс болатын.

Ал осы баптың 2-бөлігіне сәйкес нақ осы әрекетті жасау салдарынан аса ірі мөлшердегі залал келтірген жағдайда ғана қылмыстық жауапкершілік көзделген болатын. Осы баптың 3-бөлігіне сәйкес нақ осы әрекетті қылмыстық топ жасаған жағдайда ғана қылмыстық жауапкершілік көзделген болатын.

ҚР-ның Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстеріне экологиялық құқық бұзушылықтар және вандализм көріністері үшін жауаптылықты күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР-ның 2023 жылғы 3 қаңтардағы № 186-VII ҚРЗ Заңының 1-бабының 1-бөлігінің 11-тармағына[22] сәйкес ҚР ҚК-нің 334 бабына жаңа редакцияда жазылып, бұл бапта көзделген қылмыстық жауапкершілік біршама күшейтілген. Енгізілген өзгеріс 06.03.2023 жылдан бері заңды күшіне енген, қазіргі уақытта осы мәтінде қолданыста.

Енгізілген өзгеріске сәйкес ҚК-тің 334-бабының 1-бөлігі бұған дейін қылмыстық теріс қылық болып табылса және қылмыс құрамын құрайтын басты белгілерінің бірі теріс қылық әрекет салдарынан ірі мөлшердегі залал келтірілуі тиіс болса, енгізілген өзгерістен кейін баптың бұл бөлігі қазіргі таңда орташа ауырлықтағы қылмыс санатына жатқызылған және қылмыс құрамын құрайтын басты белгілерінің бірі ретінде осы қылмыстық әрекет салдарынан айтарлықтай залал келтірілуі тиіс (*Жер қойнауын өз бетінше пайдалану, сол сияқты пайдалы қазбаларды өз бетінше өндіру, егер бұл іс-әрекеттер айтарлықтай залал келтірсе, – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не сегіз жүз*

сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады).

ҚК-тің 334-бабының 2-бөлігі бұған дейін қылмыс құрамын құрайтын басты белгілерінің бірі ретінде әрекет салдарынан аса ірі мөлшердегі залал келтірілуі тиіс болса, енгізілген өзгерістен кейін ірі залал келтірілуі тиіс. Сондай-ақ, осы баптың 2-бөлігі осы бапта бұрын-соңды болмаған екі саралау белгілерімен толықтырылған, олар: «адамдар тобы немесе алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған» және «бірнеше рет жасалған» (*Мынадай: 1) ірі залал келтіре отырып жасалған; 2) адамдар тобы немесе алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған; 3) бірнеше рет жасалған дәл сол іс-әрекеттер – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады).*

ҚК-тің 334-бабының 3-бөлігі бұған дейін орташа ауырлықтағы қылмыс санатына жатқан болса және қылмыстық жауапкершілік тек қылмыстық топпен жасау белгілері болған кезде қылмыстық жауапкершілік көзделген болса, енгізілген өзгерістен кейін осы баптың 3-бөлігі ауыр қылмыс санатына жатқызылған және саралау белгілері ретінде қылмыстық топпен жасаудан басқа тағы екі саралау белгілерімен толықтырылған, олар: «ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда» және «аса ірі залал келтіре отырып жасалған» (*Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, мынадай: 1) қылмыстық топ жасаған; 2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда; 3) аса ірі залал келтіре отырып жасалған іс-әрекеттер – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан он*

жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады).

Жер қойнауы жоғарыда көрсетіп кеткендей, ҚР-ның Конституциясының 6-бабының 3-бөлігіне сәйкес халыққа тиесілі, яғни халық меншігі болып табылса да, ҚР ҚК-нің 333, 334-баптарының объектісі ретінде меншік құқығы болып табылмайды, жер қойнауын рационалды пайдалануды және қорғауды қамтамасыз ететін экологиялық қауіпсіздік болып табылады.

Себебі, бұл қылмыстардың қоғамға қауіптілігі – экологиялық қауіпсіздікті бұзу, адамдардың өмірі мен денсаулығына, жануарлар мен өсімдіктер әлеміне, қоршаған ортаға зиян келтіру болып табылады[21].

Осы баптармен қылмыстық жауапкершіліктерге тарту үшін саралау белгілерінің бірі қоршаған ортаға залал келтірілген болу керек. Аталған баптардың диспозицияларына сәйкес қандай залал екені нақты көрсетілмегендіктен, біз ҚК-тің 3 бабында көрсетілген осындай қылмыстар орын алған жағдайдағы залал ұғымын негізге алуымыз керек. ҚК-тің 3 бабының 2, 3, 38 тармақтарына сәйкес залал деп – экологиялық залалды жою немесе табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың құндық мәнін айтамыз.

Залалдың бұл ұғымынан біз ҚК-тің 333, 334-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттері салдарынан тек жер қойнауына ғана келтірілген залалды емес, жалпы қоршаған ортаға келтірілген экологиялық залалды қарастыруымыз керек. Яғни, жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу салдарынан жер қойнауынан басқа жер, су, топырақ, ауа т.б. табиғи ресурстарға келтірілген залалдар қарастырылуы керек екенін ұғынуымыз қажет. Сөйтіп, бұл жерде залал ұғымы әлдеқайда ауқымды болып табылады.

ҚР ЭК-нің 131-бабының 1-бөлігіне сәйкес жануарлар дүниесі мен өсімдіктер әлемінің, судың, жердің табиғи орта құрамдастарына келтірілген залал, егер ақылға қонымды уақыт кезеңі ішінде оларды ремедиация жөніндегі

шараларды қолданбай, базалық жай-күйге дейін табиғи қалпына келтіру мүмкіндігі болмаса, экологиялық залал деп танылады.

Сондықтан бұл қылмыстар материалды құрамды қылмыстар болып табылады. Яғни, қоршаған ортаға нақты залал келтірілген жағдайда, олардың арасындағы себеп-салдарлық байланыс болған жағдайда ғана қылмыс құрамы болады.

Көршілес отырған РФ-ның жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзғаны үшін қылмыстық жауаптылық заңнамасына тоқталатын болсақ, олардың ҚК-нде осы салаға тек 1 бап қана арналған. Ол, РФ ҚК-нің 255 бабы (*жер қойнауын қорғау және пайдалану ережесін бұзу*). Аталған баптың диспозициясы ҚР-ның қазіргі уақытта күші жойылған 1997 жылғы 16 шілдедегі ҚК-нің 286 бабының диспозициясына өте қатты ұқсас болып келеді[23]. Осыдан-ақ, РФ-ның осы саладағы жауаптылық жер қойнауының даму үрдісіне сай келмейтінін көруге болады.

РФ-ның көптеген ғалымдары да өздерінің еңбектерінде жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзғаны үшін қылмыстық жауаптылық жер қойнауын пайдалану заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдаланудың барлық процесін қамтымайтындығын атап өтуде[14,24,25].

Мысалы, заң ғылымының кандидаты, РФ-ның "Ұлттық бизнес институты" мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының доценты А.В. Армашова «Некоторые проблемы применения статьи 255 УК РФ» атты мақаласында[14] РФ ҚК-нің 255 бабының атауы жер қойнауын қорғау және пайдалану ережелері бұзылатын барлық әрекеттерді (әрекетсіздікті) қамтығанымен заң шығарушы орган баптың диспозициясын пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты емес тау-кен кәсіпорындарын немесе жерасты құрылыстарын жобалау, орналастыру, салу, пайдалануға беру және пайдалану кезінде жер қойнауын қорғау және пайдалану ережелерін бұзумен ғана шектегенін, норманың диспозициясында "Жер қойнауы туралы" Федералдық заңында көзделген жер қойнауын: аймақтық геологиялық зерттеу; геологиялық зерттеу; пайдалы қазбаларды барлау және

өндіру сияқты жер қойнауын пайдалану түрлерінің кең тізімі ескерілмегендігін және бұл осы бапты практикада қолдану кезінде қиындықтарға әкеліп отырғанын көрсеткен.

Ал, ҚР жоғарыда көрсетіп кеткендей, мұндай проблеманы 2014 жылы жаңа ҚК-ті қабылдау кезінде жойған. Қазіргі қолданыстағы ҚР ҚК-нің 333-бабында жер қойнауын пайдалану заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдаланудың барлық процесі салыстырмалы түрде қамтылған деп айтуға болады, сондай-ақ, жер қойнауын пайдалану процесі қоршаған ортаға зиян келтірумен тығыз байланыста болғандықтан, осы бапты экологиялық талаптардың сақталуы да қарастырылған. ҚР ҚК-нің 334-бабында бұған дейін болмаған өз бетінше жер қойнауын пайдалану әрекеті үшін де жауаптылық қарастырған.

2. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІН БҰЗУҒА ҚАТЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2.1 Жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу фактілері бойынша сотқа дейінгі өндірісті бастауды ұйымдастыру тәжірибесі мен сот-тергеу практикасы

Жоғарыда айтып кеткендей, жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілік ҚР ҚК-нің 13-тарауының 333, 334 баптарында қарастырылған.

Алайда, осы баптарға сәйкес сот-тергеу практикасын талдау іс жүзінде жер қойнауын пайдалану туралы заңнаманы бұзғаны үшін қылмыстық іс қозғауда жиі қиындықтар туындайды деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Мұның себептерінің бірі – жер қойнауын қорғау және пайдалану ережелерінің бұзылуына сауатты қылмыстық-құқықтық баға бере алатын мамандардың жетіспеушілігі, аталған қылмыстарды анықтау және ашу бойынша сарапшылар жоқ. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісі болып табылатын жер қойнауын көлемін анықтау да қиынға соғып жатады.

Кез-келген заңсыз, өз бетінше жер қойнауын пайдалану фактілері бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру өндірістерін бастау үшін қоршаған ортаға, оның ішінде жер қойнауына келтірілген залалдар анықталуы тиіс. Мысалы, кең таралған пайдалы қазбаларды (ОПИ) өз бетінше заңсыз пайдалану фактісі бойынша оқиға болған жерге келген полиция қызметкері арнайы білімі болмағандықтан, қоршаған ортаға келтірілген залал мөлшерін анықтай алмай, тек оқиға болған жерге қарау жүргізумен және оқиға орнында ұсталған адамдардан түсінік алумен, т.б. құжаттар жинаумен ғана шектеледі. Мұндай материалдар, көбінесе залал мөлшері анықтау мүмкін болмауы себепті ҚР ӘҚБК-нің 139-бабымен әкімшілік құқық бұзушылық жауапкершіліктерге тарту үшін ЭД-не жолданып жатады.

Өз кезегінде ЭД-і кең таралған пайдалы қазбалардың (ОПИ) көлемі анықталмауы себепті материалды қайта қайтарып жатады. Себебі, жер қойнауына келтірілген залалды анықтау үшін заңсыз алынған пайдалы қазбалардың көлемі анықталуы тиіс.

Ол туралы ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 27 маусымдағы N 535 Қаулысымен бекітілген «Қоршаған ортаны ластаудан келтірілген залалды экономикалық бағалау ережесінде»[26] (*ары қарай Ереже*), кейіннен бұл ереже күшін жоюына байланысты ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2021 жылғы 20 тамыздағы № 457 және ҚР Энергетика министрінің 2021 жылғы 23 тамыздағы № 274 бірлескен бұйрығымен бекітілген «Жер қойнауы ресурстары залалын экономикалық бағалау әдістемесінде»[11] (*ары қарай Әдістеме*) көрсетілген.

Ал полиция қызметкерлерінің қазылған жерлердің көлемін анықтауға мүмкіндіктері жоқ. Сондықтан полиция қызметкерлері көп жағдайда кең таралған пайдалы қазбаларды (ОПИ) өз бетінше заңсыз пайдаланушыларды жерден қазып алып жатқанда емес, жерден қазып алып, жүк көлігіне тиелген кезде немесе тасымалдау кезде ұстайды, себебі, жүк көлігіне тиелген пайдалы қазбаның көлемін арнайы жүк таразыларына салып анықтап алуға болады. Алайда, ондай көлем мөлшерлері қылмыстық құқық бұзушылық жауапкершілігіне тартуға жеткіліксіз. Сондықтан, тек әкімшілік құқық бұзушылық жауапкершіліктермен шектеледі.

Бұл қиындықтың бірден бір шешімі ретінде жергілікті жерлердегі қоршаған ортаны қорғау полиция қызметкерлерін қазылған жерлердің көлемін анықтайтын арнайы аппараттармен қамтамасыз етілуі мен полиция қызметкерлері сол аппараттармен жұмыс істеуді меңгеруін көреміз. Сонда полиция қызметкерлері оқиға болған жерге келіп, қазылған жерлердің көлемін өлшеу үшін арнайы мамандарды шақырып жатпай, өздері арнайы аппаратпен анықтап, өлшемін жоғарыда көрсетілген әдістемеге сәйкес анықтап беру үшін уәкілетті органға жолдар еді.

Жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу фактілері бойынша қылмыстық істерді қозғау проблемалары бар екендігі көршілес мемлекеттерде орын алуда. Мысалы, заң ғылымының кандидаты, РФ-ның "Ұлттық бизнес институты" мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының доценты А.В. Армашова «Некоторые проблемы применения статьи 255 УК РФ (*нарушение правил охраны и использования недр*)» атты мақаласында[14] «осы бапқа сәйкес сот практикасын талдау іс жүзінде жер қойнауын пайдалану туралы заңнаманы бұзғаны үшін қылмыстық іс қозғауда жиі қиындықтар туындайды деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Мұның себептерінің бірі – жер қойнауын қорғау және пайдалану ережелерінің бұзылуына сауатты қылмыстық-құқықтық баға бере алатын мамандардың жетіспеушілігі, аталған қылмыстарды анықтау және ашу бойынша сарапшылар жоқ» деп РФ-ның заңнамасын тұжырымдаған.

Сондай-ақ, аталған мақалада автор осы санаттағы қылмыстық істерді тергеу кезінде шаруашылық қызмет барысында қоршаған ортаны қорғау ережелерін қамтитын арнайы заңдар мен заңға тәуелді актілерге үнемі жүгіну қажет екендігіне тоқталған.

Қылмыстың құрамын анықтау үшін жер қойнауын қорғау және пайдалану ережелерін бұзушылықтарды тергеу кезінде жүгіну қажет нормативтік құқықтық актілердің артық саны жер қойнауын қорғау және пайдалану ережелерін бұзумен байланысты экологиялық қылмыстарға қарсы іс-қимыл және олардың алдын алу жөніндегі құқық қолдану қызметінде қиындықтар туғызатына да тоқталған.

Бұл мәселенің шешімі ретінде мақалада РФ-ның Тау-кен Кодексін қабылдауда көрінетіндігін, яғни бұл жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңдардың жүйеленген және өзара байланысты жиынтығы түрінде тау-кен өндірісінде бірыңғай құқықтық өрісті құруға, жер қойнауының минералды-шикізат ресурстарын зерттеу, игеру және пайдалану және оларды қорғау саласында мемлекеттік-жеке басқарудың ұтымды схемасын қалыптастыруға ықпал ететіндігін атап өткен.

Автор А.В. Армашованың пікірінше РФ-нда мұндай кодификацияланған актіні қабылдау көптеген заң теоретиктері қажет деп санайды[14].

ҚР-ның бұл саладағы заңнамаларының қазіргі жағдайын РФ-ның заңнамаларымен салыстыратын болсақ, ҚР әлде қайда алға жылжып кеткен деп есептеуге толық негіз бар. Себебі, осы жобаның 1-ші тарауында көрсетіп кеткендей, ҚР 2017 жылы 27 желтоқсанда жер қойнауына байланысты заңдардың жүйеленген және өзара байланысты жиынтығы түрінде тау-кен өндірісінде бірыңғай құқықтық өрісті құруға, жер қойнауының минералды-шикізат ресурстарын зерттеу, игеру және пайдалану және оларды қорғау саласында мемлекеттік және жеке басқарудың схемасын қалыптастырған Жер қойнауы Кодексі қабылданып қойған және қазіргі уақытта қолданыста.

Бірақ осы бағытта алға жылжу даму үрдісі болғанымен, ҚР-нда аталған заң актілерін бұзудың алдын алу, оның салдарынан қоршаған ортаға келтіретін залалдарды болдырмауға бағытталған профилактикалық жұмыстарда, яғни сотқа дейінгі тергеп тексеру жұмыстарын бастауда әлі де біршама қиындықтар бар.

Қазіргі уақытта ҚР-нда жаппай жер қойнауын пайдалану жұмыстары белең алуда. Мысалы, 2019 жылғы жағдай бойынша ШҚО бойынша кен іздеушілікке 20 шақты лицензия алынған болса, бүгінгі күні олардың саны 60-тан асады[2]. Жер қойнауын пайдаланушылар тарапынан жер қойнауын қорғау және пайдалану қағидаларын бұзу фактілері көбеюде[3,4,5,6,7,8,9]. Сондай-ақ, жер қойнауын өз бетінше заңсыз пайдаланушылар да көбеюде.

Оған дәлел ретінде әлеуметтік желілерде жер қойнауын өз бетінше пайдаланушылармен елдің жайылымдық және егістік жерлерін бүлдіру туралы публикациялар, бұқаралық ақпарат құралдарында археолог мамандардың ел аузында «черные копатели» деп аталып кеткен жер қойнауын өз бетінше пайдаланушыларға наразылығы туралы мақалалардың шығуы, т.с.с.

Табиғатты қорғау заңнамасын бұзу көбінесе халық арасында кең талқылау мен наразылық тақырыбына айналуда, бұл аймақтағы қоғамдық-саяси жағдайларға тікелей әсерін тигізуде.

Бұқаралық ақпарат құралдарында Республикамызда, соның ішінде ШҚО-ның әртүрлі аудандарында (*Күршім, Катонқарағай, Ұлан және Самар аудандары*) "золотая лихорадка" атты мақалалар[3,4,5,6,7,8,9]. бірнеше рет жарияланды, бұл қоршаған ортаның жай-күйіне ғана емес, жануарларға да әсер етеді.

Алайда, тәжірибе көрсеткендей, құқыққорғау органдарына ҚР ҚК-нің 333, 334-баптарымен сотқа дейінгі тергеп-тексеру өндірісін бастауға бірқатар қиындықтар бар. Сол себепті, ҚР-ның ҚК-і қолданысқа енгізілгеннен бастап осы санаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша нақты сот-тергеу практикасы мүлдем жоқ деуге болады.

ҚР-ның Бас прокуратурасының жанындағы ҚСЖАЕК-тің есебіне сәйкес соңғы екі жылда (2021-2022ж.ж.) Республика бойынша ҚК-тің 333-бабымен бірде бір сотқа дейінгі тергеп-тексеру өндірістері басталмаған. 2021 жылы ҚК-тің 334-бабымен қылмыстық ізге түсу органдары бар болғаны 59 сотқа дейінгі тергеп тексеру өндірістерін бастаса, 2022 жылы тек 42 сотқа дейінгі өндіріс басталған. Олардың ішінде 2021 жылы 59 қылмыстық істердің ішінде бар-жоғы 4 қылмыстық іс, 2022 жылы 42 қылмыстық істердің ішінде бар-жоғы 7 қылмыстық іс ақталмайтын негіздермен тоқтатылған. Сондай-ақ, 2021 жылы өндірісте болған қылмыстық істердің 77-і ақтау негіздерімен тоқтатылса, 2022 жылы өндірісте болған істердің 50-і ақтау негіздерімен тоқтатылған[10], яғни қылмыстық құқық бұзушылық есебінен шығарылған. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру практикасы көрсетіп отырғандай, ҚК-тің 334-бабымен басталған сотқа дейінгі өндірістердің басым көпшілігі жоғарыда көрсетілген қиындықтарға байланысты ақтау негіздерімен тоқтатылған. Ақталмайтын негіздермен бар-жоғы 12 қылмыстық істер тоқтатылған, оның өзінде олардың басым көпшілігі қылмыстық теріс қылық ретінде қылмыстық жауапкершілікке тарту мерзімі 1 жылдан асып кетуіне байланысты жауапқа тарту мерзімдерінің ескіруіне байланысты тоқтатылған. Ал сотпен айыптау үкімдері мүлде шығарылмаған.

Қылмыстық ізге түсу органдарының ҚСЖАЕК-не берген есептеріне сәйкес, 2015 жылдан бастап ҚК-тің 333 бабымен тіркелген сотқа дейінгі тергеп-тексеру өндірістерінің статистикасы төмендегідей:

ҚР Қылмыстық Кодексінің баптары	Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар саны	Сотқа жолданғаны саны	Ақталмайтын негіздермен тоқтатылғандар саны	Мерзімі үзілгендер саны	Ақталатын негіздермен тоқтатылғандар саны
2015 жыл	12		1	7	5
2016 жыл	2				12
2017 жыл	6		1	2	3
2018 жыл	1				5
2019 жыл	5	1		4	8
2020 жыл	2		3		4
2021 жыл					4
2022 жыл					
2023 жылдың 1-ші тоқсаны					
барлығы		1	5		41

Қылмыстық ізге түсу органдарының ҚСЖАЕК-не берген есептеріне сәйкес, 2015 жылдан бастап ҚК-тің 334 бабымен тіркелген сотқа дейінгі тергеп-тексеру өндірістерінің статистикасы төмендегідей:

Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар саны	Сотқа жолданғаны саны	Ақталмайтын негіздермен тоқтатылғандар саны	Мерзімі үзілгендер саны	Ақталатын негіздермен тоқтатылғандар саны	Қылмыстық жауапқа тарту мерзімі өтуіне байланысты тоқтатылған ашылмаған қылмыстық теріс қылықтар
2015 жыл					
214	6	1	23	306	
2016 жыл					
126	1	4	24	576	
2017 жыл					
118			18	299	
2018 жыл					
54	2	3	8	230	88
2019 жыл					
59	2	3	13	170	22

2020 жыл					
45	3	2	7	150	19
2021 жыл					
59	1	4	11	77	15
2022 жыл					
40	4	8	16	75	18
2023 жылдың 1-ші тоқсаны					
2			2	7	4
Барлығы					
	19	25		1880	166

Жоғарыда келтірілген кестелерде көрсетілген статистика қылмыстық ізге түсу органдарының қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді аяқтаған уақытқа дейінгі көрсеткіш статистикасы. Яғни, бұл көрсеткіштерде сотқа дейінгі басталған өндірістер бойынша қабылданған шешімдер туралы мәліметтер көрсетілген (*сотқа жолданғандар, тоқтатылғандар, мерзімі үзілгендер*). Осы көрсеткіштердегі сотқа жолданғандар саны нақты сот үкімі шығарылған мәліметті көрсетпейді. Аталған мәліметті білу үшін осы сотқа жолданған өндірістердің сотта қаралған қылмыстық істер бойынша соттардың ҚСЖАЕК-не берген есептерінен көре аламыз.

Соттардың бұл есептеріне сәйкес жоғарыда көрсетілген кестелерге сәйкес 2016 жылдан бері сотқа жолданған қылмыстық істердің ішінен тек 9-ы бойынша ғана сот үкімдері шығарылған[27]. Қалғандары бойынша қылмыстық істер қайта тергеуге қайтарылған немесе ҚР ҚК-нің 333, 334-баптарымен кінәлі тұлғаға тағылған айыптар сотта алынып тасталған. Сәйкесінше, олар соттарда осы баптармен, яғни жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу фактілері бойынша қаралмаған.

Соттарда қаралып, ҚР ҚК-нің 334-бабымен шығарылған үкімдерді талдау барысында шығарылған сот үкімдердің саны бар-жоғы 9 және олардың басым көпшілігі (7 үкім бойынша) кең таралған пайдалы қазбалар бойынша (күм, топырақ, саз т.б.) қаралған. Тек, 1 үкім түрлі-түсті металлдар өндіру бойынша

қаралған, 1 үкім жер қойнауын пайдалану барысында экологиялық талаптарды сақтамау салдарынан қоршаған ортаға залал келтіру фактісі бойынша қаралған[27]. Қаралған істердің барлығында экологиялық залал заңсыз өндірілген пайдалы қазбалардың көлемі анықталып, оның ақшаға шаққандағы бағасы ғана есептелген. ҚР ҚК-нің 3 бабында көрсетілген залал ұғымының (*экологиялық залалды жою немесе табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындар*) құндық мәні анықталмаған. Яғни, жер қойнауының құнынан бөлек, қоршаған ортаға – жерге, суға, топыраққа, оның құнарлығының қасиеттеріне (*және т.б.*) келтірілген залалды қалпына келтіру құны анықталмаған. Сот үкімдеріне сәйкес анықталған залалдар тек жер қойнауының ақшаға шаққандағы құны ғана болуына байланысты бұл залалдар ҚР ҚК-нің 333, 334-баптарында көзделген залалдың бір кішкене бөлігі ғана болып табылады.

Сот үкімі шыққан істердің басым көпшілігі бойынша залалдар, яғни жер қойнауының ақшаға шаққандағы құны қылмыстық істер бойынша маркшейдер мамандарды қатыстыру арқылы анықталған. Мұндай мамандар тек көбінекей ірі тау-кен өндіру кәсіпорындарында болады және олардың қызметі ақылы болып келеді. Оларды кез-келген қатардағы сотқа дейінгі тергеп тексеру өндірістеріне қатыстыра беру қылмыстық ізге түсу органдарының бюджеті көтере бермейді. Тек өте өзекті, аты шулы фактілер бойынша қылмыстық ізге түсу органдарының бюджетінен немесе келісім арқылы жергілікті атқарушы органдарының бюджетінен бөлініп жатады.

Жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу фактілері бойынша сотқа дейінгі өндірісті бастауды ұйымдастыру тәжірибесі мен сот-тергеу практикасының жоқ болуының бірден бір себептерінің бірі – ол ҚК пен ЭК-тің принциптері мен міндеттерінің сәйкес келмеуінде.

ЭК принциптері қоршаған ортаға келтірілген экологиялық залал мөлшерін анықтауды көздемейді, тек келтірілген залалдарды қалпына келтіруді және залал келтірген тұлғаның өзіне қалпына келтіртуді көздейді.

Мысалы: ЭК-тің 5-бабының 2-тармағына сәйкес «түзету қағидаты»: экологиялық залал толық көлемде жойылуға тиіс. Келтірілген экологиялық залалды толық жою мүмкін болмаған кезде, оның салдарлары ғылыми-техникалық дамудың заманауи деңгейі кезінде қаншалықты мүмкін болғанынша азайтылуға тиіс. Келтірілген экологиялық залалдың салдарын жойылмаған немесе азайтылмаған шамада оларды ЭК-ке сәйкес балама ремедиация жүргізу арқылы ауыстыру қамтамасыз етіледі.

Осы баптың 5-тармағына сәйкес "ластаушы төлейді" қағидаты: қызметі қоршаған ортаның ластануын, табиғи ортаның тозуын, кез-келген нысанда экологиялық залал не адамдардың өміріне және (немесе) денсаулығына зиян келтірілуін туғызатын немесе туғызуы мүмкін тұлға ҚР-ның экология заңнамасында белгіленген, өз қызметінің жағымсыз салдарларын болғызбау және бақылау жөніндегі, оның ішінде келтірілген экологиялық залалды түзету қағидатына сәйкес жою жөніндегі талаптарды орындау бойынша барлық шығыстарды көтереді.

Яғни, ЭК-тің принциптеріне сүйенсек, қоршаған ортаға келтірілген экологиялық залалды қалпына келтіру үшін кететін шығындар мөлшері осы экологиялық залалды қалпына келтіру барысында немесе қалпына келтірілгеннен кейін анықталады. ЭК экологиялық залал мөлшерін алдын ала кінәлі тұлғаның мойнына қою үшін ақшаға шаққандағы құнын анықтауды көздемейді, тек кінәлі тұлғаға келтірілген экологиялық залалды қалпына келтіртуді көздейді, сәйкесінше, кінәлі тұлға экологиялық залалды қалпына келтіру жұмыстарына кіріспей жатып, экологиялық залал мөлшерін анықтау мүмкін емес. Ол дегеніміз шығын мөлшері экологиялық залалдарды қалпына келтіру процесінде ғана анықталады.

Сол себепті, ЭК-тің 27-бабына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның құзіретіне келтірілген экологиялық залалдың мөлшерін, оны қалпына келтіру шығындарын анықтау кіргізілмеген.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның құзыретіне келтірілген экологиялық залалдың мөлшері мен оны қалпына келтіру шығындарын анықтау кіргізілмеуі себепті, жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша ҚК-тің 2 бабында көзделген қылмыстық кодекс міндеттері орындалмауда.

ҚК-тің 2 бабына сәйкес қоршаған ортаны қорғау, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігін сақтау, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу ҚК-тің басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін ҚК-те қылмыстық жауаптылық негіздері белгіленеді, жеке адам, қоғам немесе мемлекет үшін қандай қауіпті іс-әрекеттердің қылмыстық құқық бұзушылықтар, яғни қылмыстар немесе қылмыстық теріс қылықтар болып табылатыны айқындалады, оларды жасағаны үшін жазалар мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары белгіленеді[12].

Жоғарыда көрсетіп кеткендей, ҚР ҚК-нің 333, 334 баптарында жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзғаны үшін қылмыстық құқық бұзушылық жауапкершіліктері көзделген. Қылмыстық құқық бұзушылық жауапкершілігі жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу салдарынан ең кем дегенде, сәйкесінше ірі мөлшердегі және айтарлықтай елеулі экологиялық залалдар мен зияндар келтірілген жағдайда орын алады.

Ал аталған мөлшердегі экологиялық залал мен зиянды анықтау үшін арнайы ғылыми білімді қажет етеді. Ондай білімді қызметкерлер қылмыстық ізге түсу органдарының қызметкерлерінің қатарында жоқ. Сәйкесінше, осындай арнайы біліммен қамтамасыз етілген уәкілетті органдардың көмегіне жүгінуі тиіс. Ал ондай залал мен зиянды анықтайтын уәкілетті орган бүгінгі күні ҚР-ның нормативтік құқықтық актілерімен айқындалмаған.

ҚР ҚПК-нің 179-бабының 1-бөлігінің 1-тармағына сәйкес жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу фактілері бойынша келтірілген экологиялық

залалдар мен зиян мөлшерлерін анықтамай, сотқа дейінгі тергеп-тексеру өндірістерін бастауға болмайды[28].

Демек, жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу фактілері бойынша залалдар мен зияндарды ЭК-ке сәйкес анықтау мүмкін болмаса, сәйкесінше, залал анықталмаса, ҚПК-тің 179 бабына сәйкес ҚР ҚК-нің 333, 334-баптарымен сотқа дейінгі тергеп тексеру өндірістерін бастауға болмайтын болса, онда осы санаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша жоғарыда көрсетілген ҚР-ның қылмыстық заңнамасының міндеті, яғни қоршаған ортаны қорғау, адамзат қауіпсіздігін сақтау, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу міндеттері орындалмайды.

Бұл міндеттер жүзеге асырылмау салдарынан ҚК-те қылмыстық жауаптылық негіздері ретінде белгіленіп, жеке адам, қоғам немесе мемлекет үшін қауіпті іс-әрекет ретінде айқындалған жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар анықталмауда, мұндай құқық бұзушылықтар жасағаны үшін белгіленген жазалар мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары қолданылмауда.

Экологиялық залалдардың құндық мәнін анықтау проблемалары жөнінде 4 сәуір 2023 жылы Парламент Мәжілісінің Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің отырысында ҚР-ның Экология және табиғи ресурстар министрі Зүлфия Болатқызы Сүлейменова жеке тоқталып кеткен.

З.Б. Сүлейменова өзінің осы отырыстағы баяндамасында кең таралған және қатты пайдалы қазбаларды заңсыз өндіру салдарынан келтірілген экологиялық залалды анықтайтын уәкілетті орган жаңа ЭК-те және Жер қойнауы Кодексінде нақтыланбағандығы жөнінде, сол себепті экологиялық ведомстволар қазіргі уақытта кең таралған және қатты пайдалы қазбаларды заңсыз өндіру салдарынан келтірілген экологиялық залалдардың мөлшерін анықтай алмай отырғанын, ЭК-не сәйкес залалдар ремидиация тәртібін қолдану арқылы жүргізіліп отырғанын, осы жөнінде ҚР-ның Парламенті Мәжілісіне тиісті ұсыныстар беретіндігін көрсеткен[29].

Қылмыстық ізге түсу органдары келтірілген залал мен зиян туралы мәліметтер жоқ болуына байланысты ҚПК-тің 181-бабының 5-бөлігі негізінде қылмыстық құқық бұзушылық фактілерін анықтау үшін, яғни келтірілген залал мен зиян мөлшерін анықтау үшін уәкілетті органдарға тексерулер жүргізу үшін жолдаулары тиіс[28].

Бұл жерде біз залал мен зиян деп ҚК-тің 3 бабының 2, 3, 38-ші тармақтарына сәйкес – *экологиялық залалды жою немесе табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың құндық мәнін* айтамыз. Бұл ретте, айтарлықтай елеулі залал мен зиянның құндық мәні 100 айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшерде болуы тиіс, ірі залал мен зиянның құндық мәні 1000 айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшерде болуы тиіс және аса ірі залал мен зиянның құндық мәні 20 000 айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшерде болуы тиіс.

Сәйкесінше, жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу салдарынан келтірілген залал немесе зиян деп экологиялық залалды жою немесе табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру процесін айтатын болсақ, онда бұндай процесстер экологиялық заңнаманың негізгі принциптерінің бірі болуына байланысты жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу салдарынан келтірілген залал немесе зияндарды анықтау ЭК-нде көзделген уәкілетті органдар болуы тиіс. Яғни, бұл жерде уәкілетті орган деп ҚР-ның әр облыстарындағы ЭД-тері болып табылады.

Қорытындылай келе, қылмыстық ізге түсу органдары жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу фактілері бойынша келтірілген залал немесе зиян мөлшерлерін анықтау үшін ҚР ҚПК-нің 181-бабының 5-бөлігі негізінде ЭД-не жолдауы тиіс.

Алайда, уәкілетті орган – ЭД-тері ҚР ЭК-нің 27-бабына сәйкес қоршаған ортаға келтірілген экологиялық залал мен зияндар мөлшерін анықтау өздерінің құзыретіне жатпайтындығын және ондай залалдар мен зияндар мөлшерін анықтау үшін қыруар қаражаттың талап етілетіндігін алға қойып, қылмыстық

ізге түсу органдарының жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу фактілері бойынша келтірілген залал немесе зиян мөлшерлерін анықтау туралы талаптарын орындаудан бас тартуда.

Қорытындылай келе, қылмыстық ізге түсу органдары жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу фактілері бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауда тығырыққа тірелуде. Сәйкесінше, ҚР ҚК-нің 333, 334-баптарында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтарға ҚК-тің 2 бабында көзделген міндеттер орындалмауда.

ҚР ҚК-і 2015 жылдан қолданысқа енгізілгеннен бері 2021-2022 жылдарға дейін қылмыстық ізге түсу органдары ҚК-тің 333, 334 баптарында көзделген фактілер бойынша *(2017 жылғы өзгерістерге сәйкес залал мен зиян мөлшерін анықтау сотқа дейінгі тергеп-тексеру өндірістерін бастаудың басты талаптары болса да)* залал мен зиян мөлшерлері анықталмаған болса да, сотқа дейінгі тергеп тексеру өндірістерін бастай беретін. Жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу салдарынан келтірілген залал мен зиян мөлшерлерін сотқа дейінгі тергеп-тексеру өндірістері басталғаннан кейін әр түрлі сот сараптамалары (мысалы: металдар мен қоспаларды сот сараптамалық зерттеу және т.с.с.) тағайындау арқылы анықтау жұмыстары жүргізілетін[27,31].

Алайда, бұл сараптамалармен анықталған залалдар жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу салдарынан келтірілген қоршаған ортаға келтірілген экологиялық залалдар емес, мүліктік залалдар болып табылады. Ал мұндай мүліктік залалдар анықталмаған істер бойынша нақты жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу салдарынан келтірілген залал мен зиянды анықтау сот сараптама орталықтарында тиісті методикаларының жоқ болуына байланысты мүмкін емес. Сәйкесінше келтірілген залал мен зиян мөлшерін анықтау мүмкін болмауына байланысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру өндірістері ақталатын негіздермен тоқтатылып жатады.

Тергеу практикасы көрсеткендей осы санаттағы әр сотқа дейінгі тергеп тексеру өндірістері бойынша жалпы келтірілген экологиялық залалдардың

ішінен жекелеген элементерінің залал немесе зиян мөлшерлерін анықтауға тырысқан. Мысалы, кейбір істер бойынша белгілі бір мөлшерде түрлі-түсті металл – алтын алынса, тек соның құндық мәнін анықтау арқылы; кейбір өндірістер бойынша кен алынса, сол кенді арнайы пештерде өртеу арқылы ішінен түрлі-түсті металл – алтын мөлшерін анықтау арқылы, сосын оның құндық мәнін анықтау арқылы; кейбір өндірістер бойынша жанама тәсіл арқылы арнайы марк шрейдер мамандарының көмегімен жалпы қазылған жердің көлемін анықтап, сол көлемнен шамамен қанша пайдалы қазба алынуы тиіс екенін; орман аймақтарында жүргізілген қазба жұмыстары бойынша өсімдіктер әлеміне келтірілген залалдарды анықтау арқылы келтірілген зиян мөлшерін анықтап жатады[27,31]. Кейбір осындай зияндар мөлшері анықталған өндірістер бойынша жоғарыда көрсетіп кеткен сот үкімдері шыққан өндірістер бар, бірақ олар сот тергеу практикасын жасай алмайды, олардың саны 2016 жылдан бүгінгі күнге дейін 9 ғана. Ал қылмыс құрамының жоқ болуына байланысты тоқтатылған істердің саны 1921, оған қоса сотқа дейінгі тергеп тексеру өндірістері басталмай, әкімшілік құқық бұзушылық жауапкершіліктермен шектеліп жатқаны қаншама.

Яғни, жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу фактілері бойынша тек қоршаған ортаға келтірілген зиянның (*табиғи ресурстарының*) өзінің ғана құндық мәнін (*алынған пайдалы қазбаның, немесе бүлдірілген өсімдіктер, ағаштар, жер топырағының құны және т.б.*) анықтау жеткіліксіз, сонымен қатар осы табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін және экологиялық залалды жою үшін кететін қажетті шығындар мөлшері анықталуы тиіс.

Сөйтіп, жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу фактілері келтірілген экологиялық залалдар мен зиян мөлшерлерін анықтау мәселесі шешілмей қылмыстық ізге түсу органдарына аталған санаттағы сотқа дейінгі тергеп-тексеру өндірістері бойынша сот-тергеу практикасын қалыптастыру қиынға соғады. Оның үстіне бүгінгі күні 2021-2022 жылдардан бастап экологиялық

қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша, соның ішінде жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу фактілері бойынша келтірілген экологиялық залалдар мен зиян мөлшерлерін анықтамай, сотқа дейінгі тергеп-тексеру өндірістерін бастамау практикасы қалыптасқан.

Статистикаға сүйенсек, 2021 жылдан бастап бұған дейінгі жылдарға қарағанда жылдан жылға жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу фактілері бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру өндірістері азайған. Мысалы, Республика бойынша 2015-2018 жылдары жыл сайын 100-200-ден астам сотқа дейінгі тергеп, тексеру өндірістері басталса, 2021 жылы бар-жоғы 59 өндіріс басталған; 2022 жылы – 41 өндіріс басталған; ал 2023 жылы ҚК-тің 333-бабымен бірде-бір сотқа дейінгі тергеп-тексеру өндірістері басталмаған, 334-бабымен бар-жоғы 2 өндіріс басталған[10].

Қорытындылай келе, жер қойнауын пайдалану ережесін бұзу фактілері бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру өндірістерін бастауды ұйымдастыру проблемаларының бірі – келтірілген залалдарды анықтау проблемасын шешу үшін ҚР ЭК-нің 27 бабына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі тиіс.

Себебі, ҚР ЭК-і экологиялық залалдардың ақшаға шаққандағы мөлшерін анықтауды көздемейтін болса, ол тек экологиялық залалдарды кінәлі тұлғаға ремидиация тәртібі бойынша қалпына келтіртуді көздейтін болса, ҚР ҚК-нің 333-334 баптарының диспозициясындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың саралау белгілерінің бірі болып табылатын залал мөлшерінің көрсетілуінің қандай қажеттілігі бар деген сұрақ туындайды.

Алайда, бұл экологиялық залалдар жер қойнауын пайдалану ережесін бұзумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың объектісі болып табылады. Залал мөлшеріне қарай осы санаттағы қылмыстардың қоғамға қауіптілігі және ауырлық дәрежелері анықталады. Себебі, бұл қылмыстардың зардабы экологиялық қауіпсіздікпен, адамдардың өмірі мен денсаулығына, жануарлар мен өсімдіктер әлеміне, қоршаған ортаға зиян келтірумен байланысты болып келеді.

Сол себепті, ҚР ЭК-не өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы кінәлі тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін экологиялық залалдардың ақшаға шаққандағы мөлшерін анықтауды экология саласы бойынша уәкілетті органға міндеттеу керек және уәкілетті органдардың – ҚР Экология Министрлігінің міндетіне ҚР ҚК-нің 3-бабында көрсетілген ҚК-тің экологиялық қылмыстарға қатысты залал ұғымын толық қамтитын залалдарды тез арада есептеп шығарып беретін әдістемесін әзірлеп бекіту жүктелуі тиіс.

Заңның осындай ережелері бекітілген жағдайда, осы сала бойынша қоғамда тәртіп орнайды, және экологияға, жер, суға келтірілген залалдардың нақты мөлшерлері, сондай-ақ залалдарды қалпына келтіру үшін кететін шығындар мөлшерлері анықталып, залалдарды жойып, қалпына келтіру жұмыстары нақты жүргізілетін болады.

2.2 Жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу салдарынан келтірілген экологиялық залалды анықтаудың ұйымдастырушылық және құқықтық механизмі

Жоғарыда көрсетіп кеткендей, ҚК-тің 333, 334-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттері салдарынан тек жер қойнауына ғана келтірілген залалды емес, жалпы қоршаған ортаға келтірілген экологиялық залалды қарастыруымыз керек. Яғни, жер, су, топырақ, ауа т.б. табиғи ресурстарға келтірілген залалдар.

Алайда, қазіргі қолданыстағы осы бағыттағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, тек нақты жер қойнауына келтірілген залалдарды ғана есептей аламыз, экологияға, жер бедеріне, топыраққа, өсімдіктерге және т.б. залалдар құқық қорғау органдарының назарынан тыс қалуда.

Себебі, жоғарыда көрсетіп кеткендей, ҚР ЭК-і өзінің принциптеріне сәйкес құқыққа қарсы әрекеттер салдарынан қоршаған ортаға келтірілген залалдар мөлшерін анықтауға емес, сол залалдарды кінәлі тұлғаның есебінен қалпына

келтіруге бағытталған. Экология саласындағы уәкілетті органдарға ондай залалдар мөлшерін анықтау нормативтік құқықтық актілермен жүктелмеген. Сәйкесінше, жер қойнауын өз бетінше заңсыз пайдалану кезінде табиғи ресурстарға (жерге, өсімдікке, топыраққа, суға) келтірілген залалдарды қазіргі жағдайда сотқа дейінгі тергеу өндірісін бастау барысында анықтау мүмкін емес.

Ал жер қойнауына (қымбат бағалы металлдар (алтын), мыс, т.б.) келтірілген залалдар мөлшерін Әдістеме[11] негізінде анықтауға болады. Бұл Әдістемеге дейін 2021 жылға дейін қолданыста болған ҚР-ның 2007 жылғы 9 қаңтардағы N 212 ЭК-не сәйкес қоршаған ортаға келтірілген залалдарға экономикалық бағалау жүргізу нормасы қолданылатын.

Алайда, практикада көбінекей жер қойнауын заңсыз өз бетінше заңсыз пайдаланушылар ұсталған жағдайда олардан жер қойнауынан алынған қымбат бағалы металлдар анықталмайды. Сол себепті, бұл залал да анықталмауда.

Оның үстіне бұл залалды анықтайтын уәкілетті орган – жер қойнауын пайдалану жөніндегі мемлекеттік мекемесі 2023 жылға дейін республика көлемінде жергілікті жерлерде бақылаушы функциясы бар құрылымдық бөлімшелері жоқ болған. 2023 жылға дейін бақылаушы функциясы бар жер қойнауын пайдалану бойынша уәкілетті орган (*ҚР-ның Индустрия және инфрақұрылымдық даму Министрлігінің Жер қойнауын пайдалану жөніндегі Департаменті*) тек Астана қаласында ғана болған. Осы Министрліктің ішінде Астана қаласында бүкіл ҚР-на жұмыс жасап отырған жер қойнауы мәселесі бойынша уәкілетті орган болып табылатын Жер қойнауын пайдалану жөніндегі Департаменті бар.

Бұл Департаменттің жергілікті жерлерде құрылымдық бөлімшелерінің болмауы жергілікті жерлерде ҚК-тің 333, 334-баптарында көзделген қылмыстар бойынша жер қойнауына келтірілген залалдарды біршама қиындықтар тудырады, сәйкесінше олар бойынша сотқа дейінгі тергеп тексеруді бастауға кедергі келтіреді. Себебі, Шалғай жерлерде жер қойнауын пайдаланушылар тарапынан орын алып жатқан заң бұзушылықтарды анықтау үшін Астана

қаласынан келіп, тексерулер жүргізу екіталай, оның үстіне олардың тексеруге шығуының өзі біршама уақытты қажет етеді, тексеруші келгенше жер қойнауын пайдаланушылар да жасаған қылмысының ізін жасырып та үлгереді.

Бүгінгі күні бұл мәселе өз шешімін тапқанға ұқсайды, себебі ағымдағы жылдың басында ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінен Геология Комитеті толығымен бөлініп, ҚР-ның Индустрия және инфрақұрылымдық даму Министрлігінің қарамағына берілген. Сәйкесінше Геология Комитетінің өңіраралық департаменттері де ҚР-ның Индустрия және инфрақұрылымдық даму Министрлігінің қарамағына өтуі себепті, аталған мәселемен өңіраралық департаменттері айналысады деген үміттеміз.

2021 жылға дейінгі ЭК-те (2007 жылғы 9 қаңтардағы N 212) уәкілетті органдармен қоршаған ортаға келтірілген залалдарға экономикалық бағалау жүргізу көзделген болатын. Бұл ЭК-ке сәйкес қоршаған ортаға келтірілген залалға экономикалық бағалау дегеніміз – қоршаған ортаны және табиғи ресурстардың тұтыну қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың құндық көрінісі.

Өкінішке орай, қазіргі 2021 жылдың шілде айынан бері қолданыстағы жаңа ЭК-те бұл норма мүлде алынып тасталған. Қазіргі ЭК қоршаған ортаға келтірілген залалға экономикалық бағалау жүргізе отырып, залал мөлшерін уәкілетті органдармен анықтауға бағытталмаған. Керісінше, қандайда-бір белгіленіп отырған және жүзеге асырылатын қызметті немесе әзірленетін құжатты іске асырудың қоршаған ортаға тікелей ықтимал және жанама елеулі әсер етуін анықтау, зерделеу, сипаттау және бағалау процесі қарастырылған. Яғни, келтірілуі мүмкін залалдарға экологиялық бағалау жүргізу қарастырылған. Және қоршаған ортаға келтірілген шығынды қалпына келтіруді жүзеге асыратын тұлғаларды анықтауға және сол тұлғаға келтірілген залалдарды қалпына келтіртуді көздейді. Ал қоршаған ортаға келтірілген шығындарды анықтау үшін арнайы мамандар ЭК-ке сәйкес экологиялық бағалау жүргізе отырып, жобалық

құжаттар дайындалуы тиіс, ол құжаттар мемлекеттік экологиялық сараптамадан өтуі тиіс.

Өкінішке орай, көрсетіліп отырған мұндай жолмен жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу салдарынан келтірілген залалдарды анықтау қылмыстық ізге түсу органдарынан қыруар (ірі көлемде) ақша қаражатын және көп уақытты талап етеді. Сондықтан қылмыстық ізге түсу органдары осы категориядағы қылмыстарды анықтап, құрықтап, істі аяғына дейін сотқа жолдауға мүдделі емес. Себебі, біріншіден, ішкі істер органдарының бюджетінде әр қылмыстық іс бойынша көп мөлшерде ақша қаражатын бөліп отыру қарастырылмаған, әсіресе қала, аудан көлемінде полиция органдарында бірен-сараң қылмыстық істер бойынша ғана процессуалдық шығындар ғана қарастырылуы мүмкін. Екіншіден, орташа ауырлық санатындағы қылмыстарды 3-5 айдан астам уақыт тергеу бүгінгі күні тергеу практикасында жоқтың қасы деп айтуға болады. Керісінше, қазіргі тергеу практикасы кез-келген қылмыстық істі сотқа дейінгі жеңілдетілген тергеп-тексеру нысанында, яғни 15 күн ішінде бітіруге көшкен.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы процессуалдық шығындардың басым көпшілігін (барлығын деп айтуға болады) сот сараптамаға кететін шығындар құрайды. Ондай шығындардың барлығы сот сараптама орталықтары мемлекет мекемелеріне жүктеледі. Ал жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу салдарынан келтірілген залалдар мөлшерін анықтау методикасы бүгінгі күні сот сараптама орталығында жоқ.

Сондықтан, жер қойнауына келтірілген залалдарды анықтау Әдістемеге[11] жүгінуге тура келеді. Бүгінгі күні жер қойнауын пайдалану ережесін бұзу салдарынан келтірілген залалдарды анықтау оларға экономикалық бағалау жүргізу туралы заңды күші бар осы Әдістеме ғана. Сондай-ақ, бұл Әдістеме тек жер қойнауының өзіндік құнын ғана шығарады, яғни мүліктік шығынды ғана анықтайды.

Әдістеменің 4 тармағына сәйкес жер қойнауын заңсыз пайдалану, оның ішінде пайдалы қазбаларды заңсыз алып қою (өндіру) нәтижесінде келтірілген залалды экономикалық бағалау залал мөлшері айқындалған айдың бірінші жұмыс күніндегі жағдай бойынша ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін ескере отырып, заңсыз өндірілген пайдалы қазбалардың (*кеннің пайдалы қатты қазбаларындағы пайдалы құрамдастардың*) көлемі мен құны негізге алына отырып айқындалады[11].

Алайда, жоғарыда көрсетіп кеткендей, практикада көбінекей жер қойнауын заңсыз өз бетінше заңсыз пайдаланушылар ұсталған жағдайда олардан жер қойнауынан заңсыз өндірілген қазбалардың алынбауы салдарынан келтірілген залалдар мөлшерін Әдістемеге сәйкес анықтау мүмкін болмайды.

2021 жылға дейін қолданыста болған ҚР ЭК-не (2007 жылғы 9 қаңтардағы N 212) сәйкес жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу салдарынан келтірілген залалдарға экономикалық бағалау жүргізу мағынасы қазіргі қолданыстағы ҚК-тегі 324, 325, 326, 328, 329, 330, 332, 333, 334, 335, 337, 338, 339, 340, 341 және 343-баптарда келтірілген залалдар ұғымына сәйкес келеді, яғни – экологиялық залалды жою немесе табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың құндық мәні.

Осы екі нормативтік құқықтық актілердегі экологиялық қылмыстармен келтірілген залалдар ұғымы бір-біріне сәйкес келгенімен 2021 жылға дейінгі жер қойнауымен байланысты қылмыстық істер бойынша да залалдарды анықтау практикада мүмкін болмады.

Себебі, 2021 жылға дейін қолданыста болған ҚР ЭК-інде (2007 жылғы 9 қаңтардағы N 212) жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу салдарынан келтірілген залалдарға экономикалық бағалау жүргізу көзделгенімен, оны қазіргі қолданыстағы ҚР ЭК-індегідей нақты қай мемлекеттік орган немесе уәкілетті орган жүргізу керек екендігі айқындалмаған болатын.

Қысқаша айтқанда, ҚР ҚК-нің 333, 334-баптарында көзделген қылмыстық әрекеттері қылмыс жасағандарды қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін 2021

жылға дейін де және бүгінгі күнге дейін де қоршаған ортаға келтірілген залалдар мөлшері анықталуы тиіс және ол залалдарды анықтау үшін ҚК-тің 3 бабының 2, 3, 38 тармақтарына сәйкес тиісті экологиялық жобалар, осы жобаларға сәйкес залалдарды қалпына келтіру үшін қажетті қаражат сомасын анықтау үшін сметалық-құжаттама жобалары жасалуы тиіс. Ал ондай жобаларды жасау қылмыстық ізге түсу органдары қызметкерлерінде жоқ арнайы білімді талап етеді және ондай жобаларды жасау бірде бір мемлекеттік немесе уәкілетті органдардың құзырына жатпайды. Сәйкесінше, мұндай жобалар ақылы түрде арнайы мамандармен жүзеге асырылады. Ал қылмыстық ізге түсу органдарымен аталған мамандардың қызметіне төленетін ақша қаражаттың қарастырылмауына байланысты мұндай санаттағы сотқа дейінгі тергеп тексеру өндірістері аяғына дейін жеткізілмейді.

Осы жоғарыда көрсетілген осы санаттағы істер бойынша сотқа дейінгі тергеп тексеруді бастаудың қиындықтарын ескере отырып, осы мәселені шешу мақсатында ШҚО Күршім ауданы прокуратурасының бастамасымен Күршім ауданы құқық қорғау органдары осы ауданның жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп тергеу практикасын экспериментті түрде жүргізген.

Атап айтсақ, 2021 жылдың соңында ШҚО Күршім ауданы прокуратурасының бастамасымен жергілікті атқарушы орган осы мәселені шешу үшін 2022 жылға жергілікті бюджеттен 10 млн теңге қаржы бөлген болатын. Бөлінген қаржы Күршім ауданының жер қатынастары бөліміне бөлінген. Себебі, жергілікті атқарушы орган жер қойнауын заңсыз пайдаланушыларды құрықтау мәселесін шешу үшін заң тұрғысында басқа ведомствоға, яғни ішкі істер органдарына тікелей бөле алмайды.

Сол себепті, аталған бөлінген қаражат жер қойнауын өз бетінше заңсыз пайдалану фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеу өндірісін бастамай тұрып, ауданның жер қатынастары бөліміне ҚР ҚПК-нің 181-бабының 5-бөлігі негізінде залалды анықтау үшін жолдау арқылы пайдаланылған.

Ары қарай, ауданның жер қатынастары бөлімі полиция органдарынан келіп түскен жер қойнауын өз бетінше заңсыз пайдалану фактісі бойынша қоршаған ортаға келтірілген залалды анықтау мақсатында жергілікті бюджеттен бөлінген қаржы есебінен мемлекеттік сатып алу процесін өткізу арқылы ақылы түрде арнайы мамандарға тапсырыс береді.

Жер қатынастары бөлімімен келісім-шартқа отырып, тапсырыс алған заңды тұлға (*жеке меншік нысанындағы*) тапсырысты орындау мақсатында өз бетінше жер қойнауын заңсыз пайдалану салдарынан келтірілген залалды анықтау жұмыстарын жасап, экологиялық және сметалық-құжаттама жобаларын жер қатынастар бөліміне өткізеді. Аталған құжаттарда экологиялық залалды жою немесе табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың құндық мәні көрсетілуі тиіс. Өз кезегінде жер қатынастары бөлімі аталған құжаттарда заңсыз жер қойнауын пайдалану салдарынан келтірілген залал мөлшері көрсетілуі себепті ол құжаттарды полиция органдарына процессуалдық шешім қабылдау үшін жолдайды.

Полиция органы өз кезегінде келіп түскен құжаттарда заңсыз жер қойнауын пайдалану салдарынан келтірілген залал мөлшері, яғни экологиялық залалды жою немесе табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың құндық мәні қылмыстық іс қозғауға жеткілікті болған жағдайда, оларды ақпаратты есепке алу кітабына тіркеп, сосын ҚР ҚК-нің 334-бабының 1-бөлігімен сотқа дейінгі тергеу өндірісін бастауы тиіс.

2022 жылға бөлінген осы қаржы есебінен ШҚО Күршім ауданында ҚР ҚК-нің 334-бабының 1-бөлігімен 1 қылмыстық іс бойынша қоршаған ортаға келтірілген залалды анықтау арқылы кінәлі тұлға қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Атап айтқанда:

14.04.2022 жылы сағат 15:00 шамасында Күршім ауданы Маралды ауылдық округіне қарасты "Ақдала" жер учаскесінде және 28.04.2022 жылы сағат 14.00 шамасында «Батбақ-Бұлақ» жер учаскесінде Р.К.Маговьянов «CAT326D2L» маркалы шынжыр табанды экскаватор қолдана отырып, жер

қойнауын өз бетінше пайдаланған. Жер қойнауын заңсыз пайдалану салдарынан жалпы көлемі 1,2 га астам жер участігін (*"Ақдала" жер учаскесінде 1,2 га, «Батбақ-Бұлақ» жер участігінде 0,0844 га*) қазып тастап, жердің құнарлы қабаттағы топырағының тұтынушылық қасиетін жойған[30]. Бұл факті Күршім ауданының полиция бөлімінің 03.05.2022 жылғы №226352031000350 ақпараттарды есепке алу кітабына тіркеліп, материал көшірмелері қоршаған ортаға келтірілген залалды анықтау үшін ҚР ҚПК-нің 181-бабы 5-бөлігі тәртібімен Күршім ауданының жер қатынастары бөліміне жолданған[30].

Жер қатынастары бөлімі мемлекеттік сатып алу порталында 19 мамыр 2022 жылы "бұзылған жерлерді қалпына келтіру жобасын және қоршаған ортаны қорғау бөлімін рекультивациялау жобасын әзірлеу" лотына баға ұсынысын жариялап, конкурсты аяқтаған. Ең төмен бағаны 6 669 643 теңге ұсынған "Қазспецстройпроект-Қызылорда" ЖШС жеңімпаз атанып, 30 мамыр 2022 жылы Күршім ауданының жер қатынастары бөлімі "Қазспецстройпроект-Қызылорда" ЖШС-мен шарт жасасты. Келісім-шартта техникалық ерекшелікке сәйкес жұмыстарды орындау мерзімі 45 күнтізбелік күн деп белгіленген[30].

Осы "Қазспецстройпроект-Қызылорда" ЖШС-мен дайындалған бұзылған жерлерді қалпына келтіру және рекультивациялау жобаларына сәйкес қазылған жер учаскелеріне рекультивация жасау үшін, яғни экологиялық залалды жою немесе табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін 6 736 999 теңге қажет екені анықталды.

Экологиялық залалды жою немесе табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың құндық мәні 6 736 999 теңге екені анықталғандықтан (1000 АЕК-тен асуы себепті), Күршім аудандық полиция бөлімімен Р.К.Маговьяновқа қатысты 27.06.2022 жылы №226352031000070 ҚК-тің 334-бабының 1-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеу өндірісі басталды[30].

Сотқа дейінгі тергеу кезінде кінәлі тұлға жоғарыда көрсетілген жер учаскілеріне рекультивация жасау туралы жобалар бойынша экологиялық

залалды жойып, қоршаған ортаны қалпына келтіргендіктен және іс бойынша жәбірленуші тарап Күршім ауданының жер қатынастар бөлімі залал қалпына келуіне байланысты Р.К. Маговьяновқа ешқандай талап-тілегінің жоқ болуына байланысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру өндірісі 16.11.2022 жылы ҚР ҚК-нің 68-бабы 1-бөлігі, ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 12-тармағы негізінде ақталмайтын негіздермен қысқартылған болатын[30].

Қорытындылай келе, Күршім ауданы прокуратурасының жер қойнауын өз бетінше заңсыз пайдалану фактілері бойынша сотқа дейінгі тергеу өндірісін бастауды ұйымдастырудың жаңа алгоритмі өз нәтижесін көрсетті.

Алайда, бұл алгоритммен жұмыс жасау барысында бірқатар өзекті мәселелер туындады. Олар:

Біріншіден, жер қойнауын өз бетінше заңсыз пайдалану оқиғасы орын алған уақыттан бастап сотқа дейінгі тергеп-тексеру өндірісін бастау уақытына дейін келтірілген залалды анықтау процесі тым ұзаққа созылып кетеді. Атап айтқанда, АЕК материалы жер қатынастар бөліміне жіберіледі, онан кейін ол мекеме мемлекеттік сатып алу процесін жариялайды, сосын ол мамлекеттік матып алуды өткізеді, оған 1 айдай уақыт кетеді, онан кейін мемлекеттік сатып алуды жеңіп шыққан заңды тұлға тапсырысты орындау үшін техникалық қажеттіліктерге байланысты ең аз дегенде 45 күн жүргізеді. Барлығы залалды анықтауға ең аз дегенде 2 жарым ай уақыт кетеді. Жоғарыда көрсетілген қылмыстық іс бойынша екі жақ өзара келісімге келулеріне байланысты қоршаған ортаға келтірілген залалдар бойынша дайындалған жобалар ҚР ЭК-не сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткізілмеген болатын. Ал егер келешекте жер қойнауын өз бетінше заңсыз пайдаланудың басқа да фактілері бойынша осындай алгоритмді жүзеге асыру кезінде залалдар бойынша дайындалған жобалар міндетті түрде мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткізетін болсақ, онда жер қойнауын өз бетінше заңсыз пайдалану оқиғасы орын алған уақыттан бастап сотқа дейінгі тергеп-тексеру өндірісін бастау туралы шешім қабылдау уақытына дейін ең аз дегенде 4 айдай уақыт кетеді. Бұл

дегеніміз кез-келген жер қойнауын өз бетінше заңсыз пайдалану фактілері бойынша сотқа дейінгі тергеу өндірісін сотқа жолдағанша іс созбалаңға салынады дегенді білдіреді.

Екіншіден, жер қойнауын өз бетінше заңсыз пайдалану фактісі бойынша қоршаған ортаға келтірілген залалдың мөлшерін анықтау өте көп қаражатты талап етеді. Мысалы, жоғарыда көрсетілген қылмыстық іс бойынша бүлінген көлемі 1,2 гектордан астам жер учаскілерін қалпына келтіру жобаларын дайындау үшін жергілікті аудан бюджетінен 6 669 643 теңге кетті. Ал осы қаражатқа дайындалған жобаларға сәйкес экологиялық залалды жойып, табиғи ресурстардың тұтыну қасиеттерін қалпына келтіру жұмысы 6 736 999 теңге тұрады. Яғни, қоршаған ортаға келтірілген залалды қалпына келтіру жұмысының көлемі оны анықтау жұмысының көлемімен шамалас болып келеді. Практикада әр осындай фактілер бойынша мемлекеттен осыншама қаражат бөліне бермейді.

Соған қарамастан, осы бағыттағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында Күршім ауданының бұл практикасы қазір осы ауданда биылғы жылы да жалғастырылуда.

Сонымен қоса, Күршім ауданының прокуратурасы биыл осы практикадан басқа осы практикаға ұқсас, бірақ мемлекеттен қаражат бөлуді талап етпейтін жаңа практиканы бастауды көздеп отыр.

ҚР ЭК-нің принциптері қоршаған ортаға келтірілген экологиялық залал мөлшерін анықтауды көздемейтіндігін, тек келтірілген залалдарды қалпына келтіруді және оны қалпына келтіруді залал келтірген тұлғаның өзіне жүктеуді көздейтіндігін ескеріп, кез келген жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу фактілері бойынша оқиға орнына міндетті түрде уәкілетті орган – ЭД-нің өкілдері шақырылып отырылуы тиіс немесе олар келмеген жағдайда орын алған оқиға бойынша кінәлі тұлғаға тиісті шара қолдану туралы хабарлануы тиіс.

Жер қойнауын пайдалану ережесін бұзу фактісі жөнінде тиісті хабар алған ЭД өзінің құзыреті шегінде тиісті әкімшілік құқық бұзушылық шараларын қолдана отырып, ҚР ЭК-нің 136, 137-баптарына сәйкес кінәлі тұлғаға келтірілген

залалдарды қалпына келтіруді жүктейді және оның орындалысын бақылауға алады. Кінәлі тұлға ЭД-нің тапсырмасын орындамаған жағдайда ҚР ӘҚБК-нде тиісті әкімшілік құқық бұзушылық жауапкершіліктер көзделген. Сондықтан, кінәлі тұлға ЭД-нің тапсырмасын орындауға мұқтаж болады. Ал кінәлі тұлға ол тапсырманы орындау үшін жоғарыда көрсетіп кеткендей, өз қаражаты есебінен арнайы мамандарға тапсырыс беру арқылы қоршаған ортаға келтірген экологиялық залалдарды жою және қалпына келтіру жобаларын әзірлейді. Әзірленген жобалар міндетті түрде ЭД-інде МЭС-дан өтуі тиіс.

Кінәлі тұлға әзірленген жобаларды МЭС-дан өткізгеннен кейін қылмыстық ізге түсу органдарына әзірленген жобаларға сәйкес қоршаған ортаға келтірген экологиялық залалдарды жою және қалпына келтірудің құндық мәнін анықтау қиындық тудырмайды. Анықталған залалдың құндық мәнінің мөлшеріне сәйкес сотқа дейінгі тергеуді бастау немесе бастамау туралы шешім қабылданады.

Бұл алгоритмді жүзеге асыру үшін Күршім ауданының прокуратурасында Күршім полиция бөлімінің тергеушілерінің, табиғат қорғау полиция қызметкерлерінің және ШҚО ЭД-нің қызметкерлерінің қатысуымен ведомствоаралық жиналыс өткізіліп, талқыланған. Нәтижесінде 2023 жылы осы практиканы бірлесіп бастау туралы шешім қабылданды.

.....

ҚОРЫТЫНДЫ

Жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу фактілері бойынша сотқа дейінгі өндірісті бастауды ұйымдастыру тәжірибесі мен сот-тергеу практикасының жоқ болуының ең басты себептерінің бірі – ол ҚК пен ЭК-тің принциптері мен міндеттерінің сәйкес келмеуінде.

ЭК принциптері қоршаған ортаға келтірілген экологиялық залал мөлшерін алдын ала кінәлі тұлғаның мойнына қою үшін ақшаға шаққандағы құнын анықтауды көздемейді, тек келтірілген залалдарды қалпына келтіруді және залал келтірген тұлғаның өзіне қалпына келтіртуді көздейді.

Сондай-ақ, ЭК-тің 27-бабына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның құзыретіне келтірілген экологиялық залалдың мөлшерін, оны қалпына келтіру шығындарын анықтау кіргізілмеген.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның құзыретіне келтірілген экологиялық залалдың мөлшері мен оны қалпына келтіру шығындарын анықтау кіргізілмеуі себепті, жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша ҚК-тің 2 бабында көзделген қылмыстық кодекс міндеттері орындалмауда.

ҚК-тің 2 бабына сәйкес қоршаған ортаны қорғау, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігін сақтау, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу ҚК-тің басты міндеттерінің бірі болып табылады.

ҚР ҚК-нің 333, 334-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық жауапкершілігі жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу салдарынан ең кем дегенде, сәйкесінше ірі мөлшердегі және айтарлықтай елеулі экологиялық залалдар мен зияндар келтірілген жағдайда ғана орын алады.

Ал аталған мөлшердегі экологиялық залал мен зиянды анықтау үшін арнайы біліммен қамтамасыз етілген уәкілетті органдардың құзыры болуы тиіс. Бүгінгі күні ондай залал мен зиянды анықтайтын уәкілетті орган ҚР-ның нормативтік құқықтық актілерімен нақты айқындалмаған.

ҚР ҚПК-нің 179-бабының 1-бөлігінің 1-тармағына сәйкес жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу фактілері бойынша келтірілген экологиялық залалдар мен зиян мөлшерлерін анықтамай, сотқа дейінгі тергеп-тексеру өндірістерін бастауға болмайды.

Демек, жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу фактілері бойынша залалдар мен зияндарды ЭК-ке сәйкес анықтау мүмкін болмаса, сәйкесінше, залал анықталмаса, ҚПК-тің 179 бабына сәйкес ҚР ҚК-нің 333, 334-баптарымен сотқа дейінгі тергеп тексеру өндірістерін бастауға болмайтын болса, осы санаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша жоғарыда көрсетілген ҚР-ның қылмыстық заңнамасының міндеті, яғни қоршаған ортаны қорғау, адамзат қауіпсіздігін сақтау, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу міндеттері орындалмайды деген тұжырымға келеміз.

Бұл міндеттер жүзеге асырылмау салдарынан ҚК-те қылмыстық жауаптылық негіздері ретінде белгіленіп, жеке адам, қоғам немесе мемлекет үшін қауіпті іс-әрекет ретінде айқындалған жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар анықталмауда, мұндай құқық бұзушылықтар жасағаны үшін белгіленген жазалар мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары қолданылмауда.

Сол себепті, ҚР ЭК-не өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы кінәлі тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін экологиялық залалдардың ақшаға шаққандағы мөлшерін анықтауды экология саласы бойынша уәкілетті органға міндеттеу керек және уәкілетті органдардың – ҚР Экология Министрлігінің міндетіне ҚР ҚК-нің 3-бабында көрсетілген ҚК-тің экологиялық қылмыстарға қатысты залал ұғымын толық қамтитын залалдарды есептеп шығарып беретін оңтайландырылған әдістемесін әзірлеп бекіту жүктелуі тиіс.

Нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізілгенше сотқа дейінгі өндірістерді бастамас бұрын төмендегі тергеу алды тактикасын қолдану қажет.

ҚР ЭК-нің принциптерін ескере отырып, кез келген жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу фактілері бойынша міндетті түрде уәкілетті орган – ЭД-не кінәлі тұлғаға тиісті шара қолдану туралы хабарлама берілуі тиіс.

ЭД-і өзінің құзыреті шегінде ҚР ЭК-нің 136, 137, 139, 140 баптарына сәйкес кінәлі тұлғаға қоршаған ортаға келтірілген залалдарды қалпына келтіруді жүктейді және оның орындалысын бақылауға алады.

Кінәлі тұлға ол тапсырманы орындау үшін өз қаражаты есебінен арнайы мамандарға тапсырыс беру арқылы қоршаған ортаға келтірген экологиялық залалдарды жою және қалпына келтіру жобаларын әзірлеп, оларды МЭС-дан өткізеді.

МЭС-дан өткен жобаларға сәйкес қылмыстық ізге түсу органдары келтірген экологиялық залалдарды жою және қалпына келтірудің құндық мәнін анықтайды. Анықталған залалдың құндық мәнінің мөлшеріне сәйкес сотқа дейінгі тергеуді бастау немесе бастамау туралы шешім қабылданады.

.....

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕК КӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000> (жүгінген күні: 26.12.2022).

2. Шығыс Қазақстан облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының сайты. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-kasipkerlik?lang=ru> (жүгінген күні: 26.12.2022).

3. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің сайтындағы мақала «"Кенжебай" кен орнында төрт жер қойнауын пайдаланушының қызметі тоқтатылды». [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/cerc/press/news/details/437185?lang=ru> (жүгінген күні: 26.12.2022).

4. Алексей Мальченко мақаласы «"Черные копатели" в Казахстане процветают, несмотря на запреты и преследования». [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://mk-kz.kz/amp/social/2018/08/01/chernye-kopateli-v-kazakhstane-procvetayut-nesmotrya-na-zaprety-i-presledovaniya.html> (жүгінген күні: 26.12.2022).

5. Казахстанская правда сайтындағы мақала «Жители села в ВКО просят президента защитить их от «черных копателей»». [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://kazpravda.kz/n/zhiteli-sela-v-vko-prosyat-prezidenta-zashchitit-ih-ot-chernyh-kopateley/> (жүгінген күні: 26.12.2022).

6. Людмила Малько мақаласы «В ВКО осудили «черных копателей»». [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://www.inform.kz/ru/v-vko-osudili-chernyh-kopateley_a2930692 (жүгінген күні: 26.12.2022).

7. Ксения Крестовских мақаласы «В Курчумском районе ВКО пресечена незаконная деятельность "черных" старателей». [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://ustinka.kz/vko/68947.html> (жүгінген күні: 26.12.2022).

8. Елена Супрунова мақаласы «Чёрные старатели». [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://time.kz/articles/risk/2020/11/17/chyornye-starateli> (жүгінген күні: 26.12.2022).

9. «Алтай» телеканал сайтындағы мақала «Загрязнение реки Кулынжон». [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://altaitv.kz/ru/news/14287> (жүгінген күні: 26.12.2022).

10. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің сайты. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/pravstat/documents/1?lang=ru> (жүгінген күні: 26.12.2022).

11. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушысының 20.08.2021 жылғы №457 және Энергетика министрінің 23.08.2021 жылғы №274 бірлескен бұйрығымен бекітілген «Жер қойнауы ресурстарына келтірілген залалды экономикалық бағалау әдістемесі». [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100024132> (жүгінген күні: 26.12.2022).

12. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (жүгінген күні: 26.12.2022).

13. Қазақстан Республикасының Экология кодексі 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100000400> (жүгінген күні: 26.12.2022).

14. РФ-ның "Ұлттық бизнес институты" АҚ мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты А.В.Армашованың

мақаласы «Некоторые проблемы применения статьи 255 УК РФ». 2018 / Вестник Национального института бизнеса.

15. Панфилов И.Ф. Горный кодекс РФ – основа развития правового поля в сфере горного производства: научное издание // Материалы 14 Международной конференции "Технология, оборудование и сырьевая база горных предприятий промышленности строительных материалов", Москва, 8-10 сент., 2010. - М. : Центр инновац. технол., 2010. - С. 60-78.

16. Клюкин Б.Д. Формирование нового горного права России // Журнал российского права. 2001. № 3. С. 61- 62.

17. Елюбаев Ж. С. Проблемы правового регулирования недропользования: отечественный опыт и зарубежная практика. Монография. – Алматы: Печатный двор «Колесо», 2010. – С. 108, 436–451.

18. Қазақстан Республикасының Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы кодексі 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 125-VI ҚРЗ. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000125> (жүгінген күні: 26.12.2022).

19. Елюбаев Ж.С. Субсидиарное применение правовых норм при регулировании отношений в сфере недропользования. Журнал «Закон и жизнь», №2. Армавир (РФ).–2017. Издание Армавирского государственного педагогического университета.

20. Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» заңы 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828. Күші Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 25 маусымдағы № 291-IV заңымен жойылған.

21. Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу РК. Особенная часть (том 2). Алматы: Жеті Жарғы, 2015.

22. ҚР-ның «Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстеріне экологиялық құқық бұзушылықтар және вандализм көріністері үшін жауаптылықты күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР-ның 2023 жылғы 3 қаңтардағы № 186-VII ҚРЗ Заңы.

23. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 1997 жылғы 16 шілдедегі N 167. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Кодексімен күші жойылған.

24. А.К. Халеева, М.С.Дикаева «Уголовная ответственность за нарушение правил охраны и использования недр».

25. Н.А.Селяков «Нарушение правил охраны и использования недр: проблемы квалификации».

26. ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 27 маусымдағы N 535 Қаулысымен бекітілген «Қоршаған ортаны ластаудан келтірілген залалды экономикалық бағалау ережесі».

27. Сот үкімдері:

- Приговор Уланского районного суда ВКО от 17.02.2016 года в отношении Фролова К.Н. по ст.334 ч.1 УК РК;

- Түркістан облысы Арыс аудандық сотының ҚР ҚК-нің 334-бабының 2-бөлігімен М.Ж. Дүйсенге қатысты 01.08.2018 жылғы үкімі;

- Приговор Мангистауского районного суда Мангистауской области от 28.11.2019 года в отношении Ма Юнань по ст.333 ч.1 УК РК;

- Атырау облысы Құрманғазы аудандық сотының ҚР ҚК-нің 334-бабының 1-бөлігімен К.С. Тутаевқа қатысты 09.04.2019 жылғы үкімі;

- Түркістан облысы Келес аудандық сотының ҚР ҚК-нің 334-бабының 1-бөлігімен Г.Б. Чалкаровқа қатысты 26.11.2019 жылғы үкімі;

- Приговор Сарыкольского районного суда Костанайской области от 10.03.2020 года в отношении Куанышпаева Е.Е. по ст.334 ч.1 УК РК;

- Приговор Костанайского районного суда Костанайской области от 16.11.2020 года в отношении Ахметовой А.А. по ст.334 ч.1 УК РК;

- Приговор Павлодарского районного суда Павлодарской области от 29.12.2020 года в отношении Мендышева Д.С. по ст.334 ч.2 УК РК;

- Приговор Сарыкольского районного суда Костанайской области от 19.04.2021 года в отношении Куанышпаева Е.Е. по ст.334 ч.1 УК РК.

28. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ.

29. Ақпарат көзі: <https://www.parlam.kz/kk/mazhilis/news-details/id49953/1/1>
және

https://m.facebook.com/edilzh/posts/pcb.9106883646019802/?photo_id=955029389185472&mds=%2Fphotos%2Fviewer%2F%3Fphotoset_token%3Dpcb.9106883646019802%26photo%3D955029389185472%26profileid%3D100001140603316%26eav%3DAfbl30kJjNrjMqilWENiwqIJXyUp_JxE_5q4HqLJD1e_EO8g9z9hwIdpdR0dnsVDt3o%26paipv%3D0%26source%3D48%26refid%3D52%26_tn_%3DEH-R%26cached_data%3Dfalse%26ftid%3D&mdp=1&mdf=1.

30. Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық полиция бөлімінің ҚР ҚК-нің 334 бабымен басталып аяқталған №226352031000070 санды сотқа дейінгі тергеп-тексеру өндірісі.

31. ШҚО Күршім аудандық полиция бөлімінің №196352031000106 және №196352031000122 сотқа дейінгі тергеп тексеру өндірістері.

ҚОСЫМША

1. Қызметтік хат және хатқа жауап

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫНЫҢ
ПРОКУРАТУРАСЫ

КҮРШІМ АУДАНЫНЫҢ
ПРОКУРАТУРАСЫ



ПРОКУРАТУРА
ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ

ПРОКУРАТУРА
КУРЧУМСКОГО РАЙОНА

071200, Шығыс Қазақстан облысы,
Күршім ауданы, Күршім ауылы, Исабеков көшесі, 28
тел.: 8 (72339) 2-21-55
www.shko.prokuror.kz

071200, Восточно-Казахстанская область,
Курчумский район, село Курчум, улица Исабекова, 28
тел.: 8 (72339) 2-21-55
www.shko.prokuror.kz

20.03.2023 № 2-1515-23-00203

Акиму Курчумского района
Акышову А.Т.

Прокуратурой Курчумского района на постоянной основе осуществляется анализ по вопросу соблюдения природопользователями законодательства о недрах и недропользовании в части добычи и обращения твердых полезных ископаемых на поднадзорной территории.

Соблюдение законодательства в сфере недропользования является одним из приоритетных направлений прокуратуры Курчумского района.

Уголовная ответственность по ч.1 ст.334 Уголовного Кодекса Республики Казахстан (*далее УК РК*) наступает при самовольном пользовании недрами, а равно самовольная добыча полезных ископаемых, если эти деяния **причинили крупный ущерб**.

Зачастую на практике уголовные дела по вышеуказанной статье УК РК не возбуждаются, а возбужденные уголовные дела прекращаются за отсутствием состава преступления в виду невозможности установления **причиненного ущерба**.

Так, согласно п. 38 ст. 3 УК РК крупный ущерб и крупный размер это - **стоимостное выражение затрат, необходимых для устранения экологического ущерба или восстановления потребительских свойств природных ресурсов, в размере, превышающем одну тысячу месячных расчетных показателей**.

Одним из оснований невозможности установления ущерба является отсутствие или невозможность выделения денежных средств органами уголовного преследования на проведение работ по установлению причиненного ущерба.

Для установления ущерба необходимо провести осмотр специалистами места раскопки, обследования нарушенных земель, разработка проекта рекультивации (*разработка технического этапа, биологического этапа*), проектной сметной документации на него, разработка раздела охраны окружающей среды и т.д., услуга указанных специалистов проводится только на платной основе (*примерно от 3 до 4 млн. тенге.*), поскольку ни один государственный орган не оказывает такую услугу.

Для решения данного вопроса в конце 2021 года по инициативе прокуратуры Курчумского района местный исполнительный орган на 2022 год

выделил из местного бюджета **10 млн. тенге** (сумма выделена в отдел земельных отношений Курчумского района).

Благодаря выделенной указанной сумме в 2022 году был пересечен 1 факт самовольного пользования недрами и виновное лицо было привлечено к уголовной ответственности по ст.334 УК РК, что послужило результативной мерой профилактики указанной категории правонарушений.

На основании вышеизложенного, учитывая важность сохранения окружающей среды, борьбы с правонарушителями в области недропользования и актуальность данной проблемы для нашего региона прошу Вас рассмотреть вопрос о выделении дополнительных бюджетных средств на 2023 год для проведения аналогичной работы.

О принятых мерах прошу проинформировать прокуратуру Курчумского района.

**Прокурор Курчумского района
старший советник юстиции**



М.Медіғатов

**“ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫНЫҢ
КҮРШІМ АУДАНЫ
ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ”
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**



**ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
“АППАРАТ АКИМА
КУРЧУМСКОГО РАЙОНА
ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ”**

Ибекезов көшесі, №23, Куршым ауданы, Куршым ауданы,
Шығыс Қазақстан облысы, Қазақстан Республикасы, 071200
тел.: 8 (339) 2-18-00, факс: 2-10-84
e-mail: akimatkurshim@yko.gov.kz

улицы Ибекезова, №23, село Курчум, Курчумский район,
Восточно-Казахстанская область, Республика Казахстан, 071200
тел.: 8 (339) 2-18-00, факс: 2-10-84
e-mail: akimatkurshim@yko.gov.kz

№ _____

**Прокурору Курчумского
района старшему
советнику юстиции
М. Медіғатову**

На Ваше письмо № 2-1515-00280 от 10 апреля 2023 года сообщая нижеследующее:

На очередной сессии маслихата будет рассмотрено предложение о выделении средств из районного бюджета для разработки плана действий на 2023 год в связи с определением и восстановлением ущерба, причиненного окружающей среде при добыче полезных ископаемых.

Аким Курчумского района



А.Ақышов

исп: Н.Қадырова
тел: 3-12-93

2. Ведомствоаралық жиналыс хаттамасы

**Жер қойнауын өз бетінше заңсыз пайдалану қылмыстары мен
құқықбұзушылықтардың алдын алуға бағытталған жұмыстарды
ұйымдастыру жөніндегі өткен ведомствоаралық кеңес отырысының
ХАТТАМАЛЫҚ ШЕШІМІ**

Күршім ауылы	№	11 сәуір 2023 жыл сағат 15.00
Төрағалық етті:	Күршім ауданының прокуроры М.Медіғатов	
Қатысқандар:	ШҚО Экология департаментінің басшысы Д.Алиев, тергеу бойынша орынбасар Д.Керебаев, аудандық полиция бөлімінің табиғат қорғау полиция инспекторлары	

Күн тәртібінде:

Күршім ауданының аумағында орын алып жатқан жер қойнауын өз бетінше заңсыз пайдалану қылмыстары мен құқық бұзушылықтардың алдын алу және оларды болдырмауға байланысты жүргізілетін жұмыстарды ұйымдастыру, осы санаттағы құқық бұзушылықтарды құрықтауға бағытталған полиция қызметкерлерінің әрекеттерінің алғаритімін әзірлеу.

Күн тәртібіне сәйкес баяндамашылардың ақпараттары тыңдалып, қатысушылардан түскен ұсыныстарды қорытындылай келе төмендегідей ұсыныстар қабылдансын:

1. 2022 жылы жер қойнауын өз бетінше заңсыз пайдалану салдарынан бұзылған жерлерді қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін, Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 136-137 баптарын қолдану туралы ШҚО Экология департаментіне ұсыным дайындауды;
2. Заңсыз жер қойнауларын пайдаланудың алдын алу мақсатында Күршім аудандық полиция бөлімінің учаскелік полиция инспекторлары өздерінің бақылауындағы аумақтарда тиісті мониторингтер жүргізуді;
3. Күршім ауданындағы, әсіресе Маралды, Қалғұтты, Ақбұлақ, Марқакөл т.б. ауылдық округтеріне қарасты жер участіктеріндегі өз бетінше жер қойнауын пайдалану салдарынан қазылып тасталған жерлерді анықтап, қазылған жерлерге қарау жүргізу арқылы олардың көлемін, орнын анықтап белгілеп Күршім АПБ-нің ақпаратты есепке алу тәртібіне (ары қарай-АЕК) тіркеуді. Жерді қазған адамдар анықталмаған жағдайда, АЕК-на тіркелген ақпаратты қазылған жерлер бойынша экологиялық залалдарды қалпына келтіретін тұлғаларды анықтау үшін Қазақстан Республикасының «Экологиялық кодексінің» 136-137-баптары негізінде ШҚО Экология Департаментіне жолдауды.

4. Заңсыз жер қойнауын өз бетінше пайдалану фактілері бойынша ақпараттар түскеннен кейін, ақпаратты Күршім АПБ-нің АЕК-на тіркеп, оқиға орнына ШҚО экология департаментіне қызметкерінің келуін қамтамасыз ету үшін хабарлап, мүмкіндік болған жағдайда құқық бұзушыларға оқиға орнында ҚР «Экологиялық кодекісінің» 136-137-баптарында көрсетілген шараларды қолдануды;

5. Егер құқық бұзушылық орын алған жерге экология департаментінің қызметкерінің шығуы қамтамасыз етілмеген жағдайда, Күршім АПБ-нің ЖПҚБ-ның қызметкерлерімен (учаскелік инспекторлар) АЕК-да тіркелген құжаттардың көшірмесімен құқық бұзушыны ШҚО экология департаментіне жеткізу жұмыстарын жүргізуді;

6. Экология Департаменті жер қойнауын өз бетінше пайдаланушылармен экологиялық залалды қалпына келтіру құжаттары дайындалып, олар мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен фактілері бойынша Күршім ауданының прокуратурасына және Күршім АПБ-не хабарлауды;

7. Осындай құжаттар дайындалып, мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен фактілері бойынша Күршім АПБ-мі сараптамадан өткен құжаттар бойынша экологиялық залалды қалпына келтіру үшін жасалатын жұмыстардың ақшаға шаққандағы мөлшерін анықтауды;

8. Экологиялық залалды қалпына келтіру үшін жасалатын жұмыстардың ақшаға шаққандағы мөлшері 100 айлық есептік көрсеткіштен асқан жағдайда Күршім АПБ-мі жер қойнауын өз бетінше пайдаланушыға қатысты ҚР ҚК-нің 334-бабының 1-бөлігімен сотқа дейінгі тергеп тексеруді бастау туралы шешім қабылдауды;

9. Заңсыз пайдалы қазбаларды қазу фактілер анықталғаннан кейін қазылған жердің көлемін анықтау үшін «Шығыс Қазақстан облысының кәсілкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы» ММ-не маркшейдерлік өлшем жүргізуге жолдауды. Қазылған жерлерге өлшем жүргізілгеннен кейін, арнайы құрылыс бойынша білімі бар ұйымдарға экологиялық залалды жою немесе табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті жұмыстарды және олардың көлемін анықтауға жолдауды. Қажетті жұмыстар мен олардың көлемі анықталғаннан кейін атқарылуға тиіс жұмыстардың ақшаға шаққандағы соммасын қаржы мамандардың көмегімен анықтауды.

10. Осы хаттамада көрсетілген шаралардың орындалысын бақылау Күршім ауданы прокурорының орынбасары А.Смиевке жүктелсін.

Төрағалық етуші
Күршім ауданының прокуроры
аға әділет кеңесшісі



М.М.Медіғатов

хатшы
Күршім ауданының прокурорының орынбасары
әділет кеңесшісі




А.С.Смиев

3. Енгізу актісі

«БЕКІТЕМІН»

Күршім аудандық полиция
бөлімінің бастығы

полиция полковнигі


С.Т. Манапов
« » 2023ж.Магистрлік жоба нәтижелерін практикаға енгізу
АКТІСІ

Комиссия құрамы:

Төраға – Күршім аудандық полиция бөлімінің бастығы полиция полковнигі С.Т. Манапов,

Комиссия мүшелері: Күршім аудандық полиция бөлімі бастығының бірінші орынбасары полиция подполковнигі Е.С. Кабдуалиев,

Күршім аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары – тергеу бөлімінің бастығы полиция подполковнигі Д.Е. Керебаев,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының магистранты М.М.Медіғатовтың «Жер қойнауын пайдалану ережелерін бұзу фактілері бойынша сотқа дейінгі өндірісті бастауды ұйымдастыру: құқықты қолдану практикасының проблемалары» тақырыбында жазылған магистрлік жоба нәтижелерін қарап, оның өзектілігін, Күршім аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері үшін практикалық қызығушылық танытатындығын ескеріп, Күршім аудандық полиция бөлімінің қызметкерлерімен практикада қолданылып жатқаны жөнінде акт жасады.

Комиссия мүшелері:

Күршім аудандық полиция
бөлімі бастығының
бірінші орынбасары
полиция подполковнигі

Е.С. Кабдуалиев

Күршім аудандық полиция
бөлімі бастығының орынбасары
полиция подполковнигі

Д.Е. Керебаев

